



9 қыркүйек, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

2 Қолайлы жағдай  
жасалған



3 Мақсарыдан түсім  
қандай?



4 Бар қазақтың  
Өзбекәлісі



6 “Минотаврлар  
марафоны”



● ПРЕЗИДЕНТ

## СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫ ТАПСЫРЫЛДЫ



Ақорда резиденциясында он мемлекеттің жаңадан тағайындалған төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Мемлекет басшысына Эстония Республикасының елшісі Тоомас Тирс, Әзербайжан елшісі Агалар Атамогланов, Испания Корольдігінің елшісі Хорхе Урбиола Лопес де Монтенеро, Ұлыбритания Корольдігі мен Солтүстік Ирландия елшісі Кэтрин Джейн Лич, Румыния елшісі Мэделина Лупу, Италия Республикасының елшісі Марко

Альберти, Германия Федеративтік Республикасының елшісі Моника Иверсон, Бельгия Корольдігінің елшісі Анри Вантгем, Еуропалық Одақ Өкілдігінің басшысы, елші Кестутис Янкаускас, Қырғыз Республикасының елшісі Дастан Дюшекеев табыстады.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен

құттықтады. Президент олардың тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі достас халықтардың әртүрлі салалар бойынша ынтымақтастық орнатуына ықпал етеді деген сенімін жеткізді. Мемлекет басшысы Президент Өкімшілігі мен Үкімет елшілердің миссиясын жоғары деңгейде орындауына қолдау көрсететінін айтты.

Қазақстан Президенті елшілер алдында сөйлеген сөзінде еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріне тоқталды.

– Биыл біз Қазақстан тәуелсіздігінің отыз жылдығын атап

өтеміз. Бұл – біз үшін маңызды кезең. Осы жылдар ішінде еліміз ішкі тұрақтылығымен, экономикалық өсімімен және сыртқы саясаттағы орнықты ұстанымымен танылды. Биылғы Жолдауымда экономикалық реформалар туралы жан-жақты айттым. Сонымен қатар демократиялық құндылықтарды, адам құқықтарын және заң үстемдігін ілгерілетуге бағытталған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жүзеге асырылып жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

## Сенат төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Парламент Сенатының VII сессиясы барысында атқарылатын жұмыс жоспары туралы баяндалды. Сондай-ақ Президенттің Жолдауы мен берген тапсырмаларын іске асыруға бағытталған бірқатар заң топтамасының әзірленіп жатқаны жөнінде мәлімет берілді.

ҚР Парламенті Сенатының төрағасы алдағы сессияда сенаторлардың Үкіметпен және Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп, әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квотаның сақталуына қатысты заңнама бойынша жұмыс істейтінін айтты. Сонымен қатар «Әлеуметтік кодекс», «Өнеркәсіп саясаты туралы», «Кәсіби біліктілік туралы», «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» және басқа да заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу міндеті тұр.

Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, сенаторлардың бастамасымен Президент тапсырмаларын іске асыруға бағытталған бірқатар заң жобасы әзірленген. Атап айтқанда, «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заң жобасы жоспарлануда, сонымен қатар ғылыми кадрлардың жағдайын жақсарту және олардың әлеуметтік қорғалу кепілдіктері туралы заңнамасына, Салық кодексіне өзгертулер енгізу көзделуде. Сондай-ақ жайылымдық жерлерді басқаруды және пайдалануды реттейтін бірқатар түзетулер әзірленіп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында қабылданатын заң жобаларын талқылау және пысықтау жұмыстарына азаматтық қоғам өкілдері мен сарапшыларды кеңінен жұмылдыру қажеттігін айтты.

Кездесу соңында Президент парламенттік дипломатияның әлеуетін одан әрі арттыруға қатысты бірқатар міндет жүктеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы 2022 жылы өтетін Өлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне дайындықты бастау туралы тапсырма берді.

## Сыр елінің сыйы Сарыарқаға жөнелтілді

Қызылорда облысының ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі 11-12 қыркүйек күндері Нұр-Сұлтан қаласында өтеді. Бұл күні елорда дуданға бөленіп, астаналықтар Аралдың балығы, Қазалының конфеті, Сырдария мен Жалағаштың күріші, Жанақорғанның қарбызы сынды аймақтың беткеуістар бренд өнімдерін, елдің дәмін базардағы бағадан біршама арзанға ала алады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,  
«Сыр бойы»



Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

Жәрмеңкеде ұсынылатын азық-түлік өнімдері тиелген жүк көліктері кеше Нұр-Сұлтанға жол тартты. Алтын күзде ұйымдастырылатын молшылық мерекесін елорда тұрғындары жыл сайын тағатсыздана тосатыны белгілі. Себебі он жылдан астам уақыттан бері еліміздегі барлық облыс ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін астанада өткізуді дәстүрге айналдырған. Биыл да, ең бастысы, халық сапалы әрі арзан азықпен қамтамасыз етілмек.

Жәрмеңкеге Қызылорда қаласы мен аудандардағы 70-ке жуық шаруашылық пен кәсіпорыннан 400 тоннаға жуық өнім жөнелтіліп, қала тұрғындарына нарықтағы құнынан 10-15 процентке төмен бағада ұсынылады.

– Жәрмеңкеге азық-

түлік өнімдерінің 29 түрі 40-тан астам жүк көлігімен жеткізіледі. Сырбойлықтар бұл шараға 140 тонна күріш, 20 тонна балық, 150 тонна бақша өнімдері, 40 тонна көкөніс пен жеміс-жидек, 5 тонна сүт және кондитер өнімдерін апармақ. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай шарада аймақтың агроөнеркәсіп кешеніндегі жетістіктерін көрсететін боламыз, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Айта кету керек, Сарыарқаға Сыр елінің сыйын ұсынған ауқымды шара «Хан Шатыр» сауда орталығының жанында, Тұран даңғылы мен Д.Қонаев көшесінің кышысындағы бірыңғай конструкциямен жабылған алаңда өткізіледі деп жоспарлануда.

## Кәсіптік білімнің көкжиегі кең, алайда...



Жақында күнделікті пайдаланып жүрген кір мәшинем істен шығып, жөндейтінін шебер іздедім. Әуеметтік желідегі жарнама арқылы біраз адамға хабарластым. Бірінің айтқан бағасы қалтаға сай келмесе, енді бірімен тіл табыса алмадым. Өзге ұлт өкілінің қазақ тілін түсінбеймін деген сөзіне ашуым келіп, телефон тұтқасын қоя салдым. Сөйтін не керек, иманды бір шебер үйге келіп, бұзылған кір мәшинемді жөндеп беруге келісті.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

Өзін Ержан Қалымбетов деп таныстырған электрік маманы бұл салада жұмыс істегеніне 12 жыл болғанын айтады. Шиелиннің тумасы бүгінде қалаға келіп, өзінің жеке кәсібін ашыпты. Інісі Руслан екеуі бірлесіп еңбек етеді.

– Тұрмыстық-техникалық заттарды жөндеп, түрлі қызмет көрсетеміз. Шаңсорғыш машинадан бастап мұздатқыш, үтік, құбыр тазалау сияқты қызметтерді де жасаймыз. Жұмыс барысында неше түрлі жағдайлар болады. Бірақ біз әрбір тапсырыс берушінің көңілінен шығуға

тырысып, жасаған ісіміздің жемісті болғанын қалаймыз. Қалтаға қонымды бағаны айтамыз. Риза болған тапсырыс иелері тұрақты тұтынушымызға айналған. Жазғы уақытта көбіне мұздатқыш, кондиционер тез істен шығады. Тұрғындарды алдап, жұмыстарын шала орындап ақшасын қалтасына басып кететіндер де бар екен. Ал бізге керекті – ең алдымен, халықтың сенімі. Сол үшін жұмысымызда мін болмауы керек, – дейді шебер.

2-бет

● ДЕНСАУЛЫҚ

## Алғашқы операция сәтті шықты

Көпбейінді облыстық балалар ауруханасында өңірде алғаш рет мойын аймағы көлемді лимфангиомасына операция жасалды. Бұған дейін мұндай күрделі диагноз қойылған науқастар еліміздің орталық клиникаларына жолданып келген еді. Алғашқы операцияны облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов жасап, сәтті аяқтады.

Білікті хирург жас мамандарға күрделі операцияны түсіндіре отырып жүргізді. Басқарма басшысы ендігі кезекте ангиохирургиялық операцияларды аурухана дәрігерлеріне жасауды ұсынып, киіндық туындаған жағдайда көмек көрсететінін де жеткізді. Операцияға қатысқан көпбейінді облыстық балалар ауруханасының хирург-дәрігері Болат Маханбетияров:

– Операция күрделі болғанына қарамастан, білікті хирург Сәбит Пазылов жұмыс барысын түсіндіре отырып, жоспарды талқылап, сәтті жүргізді. Сонымен қатар бізге зор жауапкершілік жүктелді. Оны өзімізде жасауға мүмкіндік бар.

Жалпы, облыста балалар хирургиясының дамуына елеулі үлес қосқан дәрігерлер жетерлік. Солардың бірі – Нариман Табынбаев. Ол облыстық медицина орталығын басқарған тұста балалар хирургиясының дамуына айрықша ден қойып, көптеген тын өзгерістер енгізді. Сондай-ақ жыл өткен сайын саладағы өзекті деген мәселелер шешімін тауып келеді. Мәселен, бұрын қабылдау бөлімінде түнгі кезекшілікте жалғыз балалар хирургі жұмыс істейтін. Хирург операцияға кеткенде, шұғыл түрде келген науқастар маманды күтіп қалатын. Қазір бұл



мәселенің түйіні шешілген. Басқарма басшысы науқасқа шұғыл хирургиялық көмекті тәулік бойы жүргізу үшін күндіз және түнгі мезгілге екі маманды кезекшілікке қою жөнінде бұйрық шығарды. Сонымен қатар ауру-

хана балаларға хирургиялық көмек көрсету кезінде пайдаланатын медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтылып отыр, – дейді ол.

«СБ» ақпарат



## СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы еліміздің Covid-19 пандемиясымен күрес кезінде халықаралық серіктестерімен ынтымақтастығын атап өтті.

— Қазіргі уақытта адамзат Covid-19 пандемиясынан медициналық, әлеуметтік және экономикалық дағдарыстан зардап шегуде. Бұл халықаралық жүйенің ғаламдық төтенше жағдайларға қаншалықты дайын емес екенін көрсетті. Пандемиямен күресте Қазақстан өзінің жаһандық серіктестерімен ынтымақтастықтың арқасында Ресейден, Қытайдан және АҚШ-тан вакциналар жеткізуді қамтамасыз етіп келеді. Еліміз тиімді,

1-бет

ең бастысы, қауіпсіз вакцина жасап шығарды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сертификаттын алғаннан кейін біз оларды шетелдерге жеткізе аламыз. Пандемия, жаппай қырып-жою қаруының таралуы және климаттың өзгеруі сияқты ғаламдық қауіп-қатерлермен күресте күш біріктіргеніміз абзал. Ядролық қарудан азат әлем құру Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыты болып қала беретінін атап өткім келеді. Мен былтыр БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің аясында биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттікті құруды ұсынып, жаһандық күн тәртібінің тағы бір өлшемін ұсындым, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстандағы ахуалға байланысты қабылданған шешімдер мен атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

— Ауғанстандағы шиеленіскен мәселелерді реттеу үшін Қазақстан шетелдік серіктестерімен тізе қосып жұмыс істеп келеді. Біз, ең алдымен, сол жердегі отандастарымызды ұйымдасқан түрде эвакуациялауды қамтамасыз еттік. Енді, біз Ауғанстандағы қазақ диаспорасының мүшелерін, яғни қандастарымызды елге қайтару мәселесін қарастырып жатырмыз. Гуманитарлық ұстанымдарға сәйкес ауғанстандық 57 студенттің білім беру визаларын

ұзарттық. Сонымен қатар борттыңда шетел азаматтары бар ұшақтарға жанармай құю үшін транзиттік әуе дәліздері мен қону алаңдарын ұсындық. БҰҰ-ның Ауғанстан жөніндегі агенттіктерінің қашықтағы уақытша кеңесі Алматы қаласына орналастырылды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсім соңында елшілер арқылы мемлекет және үкімет басшыларына сәлемі мен игі тілегін жолдады. Қызметке кіріскен елшілер Президентке өз елдері мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бар күш-жігерін жұмсайтындарын айтты.

## АРДАГЕРІН АРДАҚТАҒАН ЕЛ ОЗАДЫ

Кеше облыстық ардагерлер ұйымының кезекті VIII конференциясы өтті. Жиынға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, бірқатар басқарма басшылары, сала ардагерлері және онлайн платформа арқылы қала, аудан әкімдері мен аймақтардан сайланған делегация мүшелері қатысты. Күн тәртібінде бірқатар мәселе қаралып, атқарылған жұмыс сараланды, алдағы міндеттер межеленді. Аймақ басшысы алдымен аға ұрпақ алдындағы парыз, жастарға үлкендер өнегесін ұлықтау туралы тағылымды ой қозғап, ардагерлер ұйымының маңызы қашанда жоғары екенін жеткізді.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы»

— Конференцияның ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында өтуінің үлкен символикалық мәні бар. Егемендігіміздің бастауында тұрған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге өзеріңіздей ел ағалары, ардагерлеріміз мемлекетіміздің, Сыр өңірінің аяқтан тұрып, нығайтуына зор үлес қосты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты жаңа Жолдауында 7 мәселеге негізгі басымдық берілгенін білсіздер. Бұл бағыттардың барлығы маңызды. Соның ішінде сапалы білім беру, өңірлік саясатты жетілдіру, саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау, ұлтты ұйыстырудағы іргелі істерде ардагерлеріміз, ақсақалдарымыз белсенділік көрсетуі қажет, — деді облыс әкімі.

өңірінің бір топ ардагері туристік сапармен көрші елге саяхат жасап, рухани сусындауға мүмкіндік алды. Атырау облысындағы Бекет баба, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі секілді киелі мекендерде тәу етті. Бұдан бөлек ардагерлерді қолдауды көздейтін бастамалар жеткілікті. Бұл ретте облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев бүгінде өңірлерде 728 бастауыш ұйым тіркелгенін және олардың жұмысы қанағаттанарлық деңгейде екенін баяндады.

— Облыстық ардагерлер кеңесінің маңызды басқосуларында өзекті мәселелер қаралып, ортақ шешім қабылданып келеді. Қарттарға құрмет көрсету — қай кезде де жүргізіле беретін жұмыс. Олардың бос уақытын тиімді өткізуі, қайырымдылық шараларынан қалыс қалмауы назарда. Ардагерлердің отбасы үлгісіндегі «Атамекен» балалар ауылында



шақырып, талапты сақтауға, той-құдайыны шағын көлемде, жақындарымен ғана атқаруға үнелді. Бастысы, ардагерлер көрсетіліп жатқан демеуге риза. Облыс басшылығының қолдауымен бұған дейін ақсақалдарымыз Өзбекстан астанасы — Ташкент шаһарын аралап, көрген бабамыз Төле бидің кесенесін өзбек ағайындар Қарлығаш би деп дәріптеп, ерекше ілтипатпен күтім жасағанын көрді, ерекше сезімге бөленді. Ардагерлер Қожа Ахмет Яссауи, Арыстанбаб, Укаша ата, Қорқыт ата секілді әулиелі жерлерде де мінажат жасауға мүмкіндік алды, — деді Серік Дүйсенбаев.

Алқалы жыында ардагерлер Мемлекет басшысының жаңа Жолдауында көзделген басым бағыттарға қолдау білдіруге, ортақ іске бірігуге шақырды. Қатысушылар Бинали Каюповтың ұсынысымен қоғам қайраткері, абыз ақсақал Сәйітбек Шаухамановтың еңбегіне ерекше құрмет білдіру мақсатында бір минут үнсіздік жариялап, ел ағасын еске алды. Сондай-ақ, конференцияда облыстық ардагерлер ұйымы мен тексеру комиссиясының мүшелері және республикалық VIII съезге қатысатын делегаттар сайланды. Делегаттарға облыстық ардагерлер кеңесі төрағасын сайлау мүмкіндігі беріліп, ардагерлер бірауыздан Серік Дүйсенбаевтың кандидатурасын қолдады. Басқосуды қорытындылаған аймақ басшысы қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып, өңірдің дамуына үлес қосқан бірқатар ардагерді марапаттады. Олардың қатарында Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов, ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Ермағамбетова, еңбек ардагерлері Әбдігаппар Әміргалиев пен Нұрлыбай Ұлықпаңұлы, Шиелі аудандық әйелдер қоғамының төрайымы Нәйля Палымбет бар.



Қазір облыстық ардагерлер ұйымының қатарында 75 мыңға жуық мүше бар. Олардың қоғамдық өмірдегі белсенділігі жоғары, әсіресе жас буында жол сілтеп, ұлттық болмыс пен құндылықты бойына сіңіруде үлесі зор. Қоғамдық-мәдени, спорттық бағыттағы түрлі бастамаларды жүзеге асыруда да қолтаңбасы бар. Тарихи шаралардан тыс қалған емес. Мәселен, бұған дейін Қазақстанның Өзбекстандағы жылы аясында Сыр

мейірімділік шараларын өткізуі оған дәлел. Спорттық сайыстарда да аймақ ардагерлері ширақтығын көрсетіп келеді. Шығармашылық сайыстар да өткізілуде. Батагөй ақсақалдар сайысы, ардагер ақындар кеші, айтыс пен жазба ақындар мүшәйрасы көптің көңілінен шықты дей аламыз. Коронавирус індегі — күллі әлемнің иығына түскен салмақ. Бұл ретте ардагерлер, елге есімі белгілі азаматтар карантин кезеңінде бірлікке

## Қолайлы жағдай жасалған

Қыркүйек айынан жалғыздұттық халық санағы басталды. Еліміздегі әрбір тұрғын 1 қыркүйектен 15 қазанға дейінгі аралықта [gov.kz](http://gov.kz) сайты арқылы онлайн режимде санақтан өте алады. Бүгінде облыс орталығындағы мекемелердің көпшілігінде тұрғындарға қолайлы бұрыштар жасакталған.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,  
«Сыр бойы»

Қала тұрғындарының кейбірі «Достық үйінде» орналасқан «Қоғамдық келісім» мекемесіне арнайы келіп өтуде. Мұнда интернет желісіне қосылған компьютер дайындалып, тіркесуден өтуге көмектесетін арнайы маман белгітілген.

— Онлайн режимде халық санағына қатысу кез келген адамға ыңғайлы әрі қазіргідей эпидемиал күрделі тұста санитарлық талаптарға да сай келеді. Бұрын үй-үйді аралап, санақ жүргізгенде түрлі кедергілер кездесетін, бірі үйінде болса, бірі болмайтын. Ал қазір арнайы портал арқылы әр адам өзін ғана емес, отбасы мүшелерін де түгел тіркей алады. Біз еліміздегі әрбір он бастамаға қолдау көрсетеміз. Ауқымды шараға әртүрлі этнос өкілдері де өз үлестерін қосып, белсенді қатысып жатыр. Айта кету керек, халық санағына қатысу арқылы әр адам нақты статистиканың, қазақстандықтар туралы сапалы деректердің қалыптасуына үлес қоса алады, — деді «Қоғамдық келісім» мекемесі директорының орынбасары Фархад Әбдібағдатұлы.

Тәуелсіздік алғалы елімізде үшінші рет өткізіліп жатқан халық санағына Сыр жастары да белсенді атсалысуда. Оны облыстық Жастар ресурстық орталығындағы «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бөлмесіне келген жастардың легінен байқауға болады. Осы орайда, орталық қызметкерлері де жалғыздұттық халық санағынан онлайн режимде тіркесуден өтті.



### ● БРИФИНГ

## Еңбекке шынайы бетбұрыс қажет



Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында пандемиядан кейінгі экономикалық даму мен денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, сапалы білім беру сынды мәселелерге зер салып, маңыз беретін негізгі бағыттарды айқындады. Мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ендігі ретте аталған міндеттерді жүзеге асыру барысында нәтижелі жұмыс атқаруымыз қажет. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, қаржы саласының үздігі Қалқазбек Әжібеков мәлімдеді.

«Жолдауда пандемиядан кейінгі халықтың табысын сақтап қалу және әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін маңызды қадамдар жасалу керектігі баса айтылды. Былтырғы жылы бюджеттің тапшылығын жабу үшін Ұлттық қордан көптеген қаржы жұмсалды. Біздегі қаржылық қор соншалықты шексіз емес. Бұл экономиканы көтеруге жұмыс жасауымыз керек дегенді білдіреді. Биыл да пандемияның әсері елімізге ауыр тиюде. Оған қарамастан, алдымызға үлкен міндеттеме қоюмыз керек. Сонымен қатар, 2025 жылға дейін шикізат

өңдеу өнеркәсібін қазіргіден 1,5 есеге арттырып, еңбек өнімділігін 30 пайызға көбейту мәселесі күн тәртібіне қойылды. Отандық өнеркәсіптің дамуы үшін шикізат тауарларының бағасы қолжетімді болуы керек деген пікірдемін», — деді Қалқазбек Әжібеков.

Өз кезегінде коммуналдық сала ардагері Келдібай Бектұрғанов Президент Жолдауын негізге алып, ауылшаруашылық саласын дамытып, мамандар даярлау ісін жандандыру керек деген пікір білдірді.

«Халықтың жағдайын жақсарту үшін елді мекендер жайлы болуы керек. Елді мекен жайлы болуы үшін Сырдарияны суға толтыру керек. Бұл ауылшаруашылық саласын көркейтіп, азық-түлік бағасын тұрақтандыруға ықпал етеді. Қазір ауылдағы жұмыссыз жастар қалаға ағылуда. Керісінше, қаладағы жұмыссыз жастарды ауылға тартып, жас мамандарды қажет ететін ауыл шаруашылығына серпін берген дұрыс. Игерілмеген жерді игеріп, елдің дамуын ауылдардан бастау керек», — деді ардагер Келдібай Бектұрғанов.

«СБ» ақпарат

## Кәсіптік білімнің көкжиегі кең, алайда...

Иә, сонау тоқсаныншы жылдары кәсіптік білім беру саласында да тоқырау болды. Небір техникалар тиынға сатылып, мамандар даярлайтын оқу орындарының саны бірнеше есе қысқарды. Осы саланың ыстық-суығына көніп, талай тер төккен сала ардагері Сексенәлі Раханов өз көзқарасын білдірді.

— Облыстық кәсіптік білім беру басқармасында орынбасар, кейін колледждерде директор болдым. Қазіргі көзі тірі жүргендер Нұрахмет Ерниязов, механик Шаки Сейтжаппаров, шиелілік Мұсахан Дүйсенов, Қазалыдағы осы саланың ардагері Оразғали Бекпанов, Темірбек Исмаилов, Молдабай Ақниязовтармен еңбек еттік. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында кәсіптік білім саласында тың өзгерістер болды. Оның жақсы жағы болғанымен, кемшіліктері де қатар жүрді.

Облыстағы 18 училищені көп көріп, «Осынша кадрдың қажеттілігі қандай?» деген сылтаумен онтайландыру саясаты басталды. Кешегі жаны ашып жұмыс істеген азаматтардың орнына басқа адамдарды қойды. Сол уақытта 18 оқу орнының 13-ке дейін сақталып қалуы Қазақстандағы бірден-бір жаңалық еді. Шымкентте, Таразда, Өскеменде, Петропавлда мұндай көрсеткіш болмады. Бүгінде облыста кәсіптік білім беретін 30 оқу орны бар. Бірақ олардың жұмыс жасау барысына көңілім толмайды. Модульдік, дуальдық оқыту деген шықты. Ол бұрыннан бар саясат. Тек термині басқа. Бұрын ауылшаруашылық маманын даярласақ, сол дайын кадр әрі қарай жұмыс істеп кете беретін. Ал қазіргі жүйе бойынша 60 процент теорияны өндірістік базда, 40 процентін колледж негізінде оқу керек. Сонда теориялық пен тәжірибелік оқудың арасындағы байланыс қайда? Жүйе жоқ. Алысқа бармай-ақ қоялық, аспаз, кондитер тағамдарының маманын даярлайтын оқу орындары кішікентай преискуртанттың негізінде мейрамханада уақытша жұмыс жасайды. Өндірістік тәжірибеден өтеді. Емтихан тапсырып, қолына диплом алғаннан кейін оларды жұмысқа қабылдамайды. Өйткені, олардың бұрыннан жұмыс істеп келетін мамандары жетеді. Осындай ара жігі көп мәселе туындамас үшін жас мамандар даярлаудың нақты бір жолға қойылған жүйесі болуы керек. Модульдік оқу деп шетелге жібереміз. Бір-бір жарым айда алған өндірістік тәжірибесін іске асыра ала ма? Бұрын Мәскеудің, Горький Челябинскінің трактор зауыттарына 6-7 ай жіберетінбіз. Механик, слесарь, трактор жөндеуін маман дайындайтынбыз. Ал қазіргідей 1-2 айлық оқу мерзімінде қандай маман болып шығады? — деп қыжылысын білдірді ардагер.

Иә, расында біздің жергілікті оқу орындарында даярланған мамандарға сұраныс қандай? Олардың диплом алғаннан кейінгі жұмысқа орналасуы қай деңгейде? Әлеуметтік желіде газ-электрмен дәнекерлеуші, токарьлар, слесарь, мотор жөндеуші, қранда жұмыс істейтіндер қажет дейтін құлақтандырулар өріп жүр. Техниканың маңайында жұмыс істейтіндер негізінен өзге ұлттың өкілдері. Кез келген техника жөндейтін жерде жергілікті ұлт өкілдерін ілуде бір кездестіріп еліңіз. Ауылшаруашылық техникаларын былай қойғанда, жеңіл көліктің қосалқы бөлшектерін сататын да, салып, оңдап беретін де солар. Тіпті өзгесін былай қойғанның өзінде, сағат жөндеп отырған қазақ жергендеріңіз бар ма? Осы бір көптен бері айтылып жүрген көңіліздеу әңгімені қозғағанда, ұлт бойындағы қабілетті жокқа шығарғмыыз келмейді. Тек жоғары оқу орнын бітіріп, кейін дипломын құшақтап жүргеннен, жеке кәсіп иесі болып, азыд-көпті табысы артса деген ой біздікі.

Облыстық білім басқармасының кәсіптік және техникалық білім бөлімінің бас маманы Жанар Төленованың берген мәліметтеріне көз салайық.

2020-2021 оқу жылында 30 колледжде аймақтың еңбек нарығына қажетті 97 мамандық бойынша барлығы 19775 студент білім алған. Бүгінде колледждерде 2165 инженер-педагог жұмыс жасаса, одан 418-і — өндірістік оқу шебері.

Өткен оқу жылы колледждерді мемлекеттік тапсырыспен бітірген 4067 студенттің 3459-ы жұмысқа орналасып, көрсеткіш 85,1 пайызды құрады.

Осы жылы 2-3 және бітіруші курстардың 11067 білім алушысы оқу-өндірістік практикадан, дипломалды іс-тәжірибеден өткен.

2021-2022 оқу жылында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрлар даярлау үшін 3108 орын мемлекеттік тапсырыс бөлінген.

Сандарды әрі қарай да тізбелей беруге болады, әрине. Алайда бұл деректер шынайы өмірдегі сөз бен істің үйлесімін көрсете ала ма? Мәселе осында. Себебі біздің өңірде даярланатын мамандардың көбі сұранысқа сай болмай тұр. Оларды бүгінгі заманауи тәсілмен жұмыс жасайтын зауыт-фабрикалар қайта даярлаудан өткізуге мәжбүр. Техниканың тілін табу үшін шетелден маман іздеп әуре болмас едік. Бір ғана қарапайым мысал келтірейін. Өңірде тігін машинесін жөндейтін шебер жоқ екенін естіп, ішіміз ұдай ашығаны рас. Облыстық жеңіл өнеркәсіп қауымастығының төрайымы Дина Махатованың айтуынша, істен шыққан тігін машинесін жөндеу үшін бір ғана маманды күтіп жүреді екен. «Оның өзі қат» дегені бар. Демек, бізде жергілікті жердегі өндіріс орындары, шағын цехтар мен өзге мекемелерге қандай мамандар керектігі сараланбайды, талдау жүргізілмейді деген сөз.

Уақыттың өзі дәлелдегендей, пандемия еңбек ырығын едәуір өзгертті. Ең алдымен, қашықтан жұмыс істеу тәсілінің қарқынды дамуын көрсетті. Көптеген жеке кәсіптер пайда болып, цифрландырылып жатқан кезде бұл дәріс тың серпінге ие болуда екенін Мемлекет басшысы да биылғы Жолдауында айтты. Мамандықты жиі өзгерте білу және кәсіптерді игере алу арқылы ғана әркімнің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз деуі де бекер емес. Бұл бағытта Президент «Кәсіби біліктілік туралы» заң қажеттігін де алға тартты. Демек, енді өз ісінің мықтылары ғана еңбек нарығында өзгелерден оза шауып, бәсекелестерін ығыстыратыны сөзсіз.

Бүгінгі таңда техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның айы оңынан туып тұр. Түптің түбінде ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен кешегі 2017-2021 жылдарға арналған «Барша үшін тегін кәсіптік-техникалық білім» жобасының көздегені де сол болатын. Ал қоғамның өзі тудырып отырған сұранысты облыстағы 30 кәсіптік білім беру орны қанағалықты қанағаттандыра алуда? Бұл сұрақ кәсіптік білім берудегі мамандар пікірімен әлі де талқыланатын тәртізді.

1-бет



● ЕГІН – 2021

## Диканның еңбегін таразылайтын кез келді



**Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылында күрішке орақ түсті. Қала әкімі Ғанибек Қазантаев орақ түсу науқанына қатысып, ауылшаруашылық саласының биылғы көрсеткіштері мен Ы.Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы» ҒЗИ ЖШС-ның жұмысымен танысты.**

– Қырман астыққа толсын. Орақ науқанын нәтижелі аяқтап, ел ризығын төкпей- шашпай жинап алудағы есепті еңбектеріңіз жемісті болсын, – деді қала әкімі.

Биыл қалаға қарасты шаруашылықтар бойынша 8905 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде күріш 4113, бидай 419, арпа 87, сорго 40, сұлы 5, мал азықтық дақылдары 1278, бақша дақылдары 2818 және майлы дақыл 40 гектарды құрап отыр.

Ақ егісті жинау шілде айының ортасында аяқталды. Гектар түсімі бойынша жаздық бидайдан

7, арпадан 5, сұлыдан 0,5 центнерден өнім алынды. Шаруашылық құрылымдары 1033 гектарға ескі жоңышқа және 245 гектарға жаңа жоңышқа егіп, 3196 тонна шөп жиналды. Сондай-ақ егілген картоптың әр гектарынан 128, көкөністен 131, бақшадан 128 центнерден өнім алынуда. Егін жинау жұмыстары әлі де жалғасуда.

Ал Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты биыл 1413 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын еккен. Оның ішінде 655 гектар күріш, 30 гектар күздік бидай, 130 гектар жаздық бидай, 10 гектар арпа, 5 гектар сұлы, 40

гектар сорго, 40 гектар мақсары, 215 гектар жаңа жоңышқа, 4 гектар көкөніс дақылдары бар.

Қазіргі таңда шаруашылық құрылымдары негізгі дақыл – күріш жинау жұмыстарына дайын. Белгіленген кестеге сәйкес күріштің суын байлау жүргізілді. Күріш жинау жұмыстары 1 қыркүйектен бастап саралап ору, 7-30 қыркүйекке дейін жаппай ору жұмыстарын аяқтап, дикандар жоғарғы өнім алуды жоспарлап отыр.

\*\*\*

**Қазалылық дикандардың да ерте көктемнен еткен еңбектерінің, төккен терінің өтеуін безбеге сазар сәті басталды. Облыстық мәслихат депутаты Мнаждин Өтеев басқаратын «Сыр маржаны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ақтан батыр ауылындағы күріш алқаптарында егінге алғашқы орақ түсті.**

Салтанатты шараға Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев, облыстық мәслихат депутаты Ібайдулла Тілеп, аудандық мәслихат депутаттары, мекеме-кәсіпорын мен шаруашылық басшылары, еңбек ардагерлері қатысып, дала перзенттерінің қуаныштарына ортақтасты.

Егіндік алқап басында аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрлан Аманбай мен серіктестік директоры Мнаждин Өтеев биылғы жылғы егіннің жай-күйіне, астықты белгіленген мерзімде төкпей-шашпай жинап алудың маңыздылығына тоқталды.

Шарада ел ағалары алғашқы егін орағының лентасын киып, Ақтан батыр ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Әнуар Оқас бата берді. Рәсім соны еңбек дүбіріне ұласты.

Биыл Қазалы ауданында 17090 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 6587 гектар. Бүгінгі таңда аудан бойынша күріш орағына қатысатын 42 комбайн, 29 жатқа, 115 трактор, 40 жүк көлігі және 59 трактор тіркемесі толықтай жөндеуден өткізіліп, егін алқаптарында жұмыс атқаруда.

«СБ» ақпарат

## Әртарاپтандыру емес, қайта мамандандыру керек

**Бұл өзі Қызылорда төңірегіне таныс емес дақыл. Қант құмайын айтамын. Кейде қант құмайы немесе құмай жүгерісі деп аталып жүр. Ыстық пен сортаңға төзім. Мал азығына нағыз керектің де осы. Бірақ негізгі дақыл күріш болып саналатын өңірде мұны қажетсіңдер аз. Оның үстіне барлық техника өз жабдығымен күріш өсіруге бағытталған болса, қант құмайын өсірем дейтіндер әзірге мұның пайдасын дұрыс сезібеуі де мүмкін ғой.**

**Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»**

Құмай дақылна етене кіруімдіздің себебі бар. Биыл даридада су тым аз. Мәселе айтылып та, жазылып та келеді. Өңірдегі дикандар өсірген күрішті суға бастыруда қиындық болмай қалған жоқ. Жергілікті билік бұған амал ойластырмаймен, алдын алар шаруа өте көп. Бұл жерде бір ғана мақсат тұрды. Ол – егістікте суды аз қажет ететін дақыл түрлерін көбейту. Жай ғана көбейту деп айтқанмен, оларды өсіру технологиялары бар емес пе? Ұдайы күріш еккен егінші қауым бұрын қолға да, көзге де таныс емес өзге егінді егуге тосырқай қарайтын шындық.

Осы бағытта аймақта түрлі семинар-оқытулар басталды. Аудандағы шаруалар мен егін алқаптарының мамандарына суды аз қажет ететін дақылдарды егуде түрлі тәжірибелер өткізілуде. Ал күні кеше Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жанынан құрылған «Қызылорда» білім тарату орталығында «Қызылорда облысы жағдайында қант құмайын өсіру технологиясы» тақырыбында оқу-әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Сонымен ала жаздай табаны судан босамайтын күріштің орнын құмаймен ауыстырдық делік. Барлығын емес, әрине. Одан ұтарымыз қандай? Семинар барысында ұққанымыздай, ғалымдар ерекше назар аударып отырған қант құмайының нағыз Қызылорда жеріне дөп келетіндей жөні бар. Бұл ойды арнайы маман кеңесінен кейін қорытып отырмыз.

— «Өңірдегі күріш ауыспалы егістігіне құмай дақылын енгізудің тиімділігі неде?» деген сұрақ барлық шаруаның ойында тұр. Айтайық. Біріншіден, дәл қазіргі әр тамшы судың сұрауы болған заманда бізге оны өте аз қажет ететін әрі

пайдасы бар дақыл өсіру керек. Соның бірі де, бірегейі де – осы қант құмайы. Екіншіден, ол топырақтың физикалық-химиялық құрамын жақсарттады. Ол не деген сөз? Ұдайы күріш егілген жердің үстінгі қабаты қатты болады. Ал оның астыңғы қабаты мүлде демалыссыз жатады. Құмайдың тамыры қатты қабатты жарып, астыңғы қабатқа өтеді. Одан кейін сол арқылы ауа, су айналымға түсіп, топырақта түздің пайда болады. Былайынша айтқанда, құнары арта түседі. Ал химиялық деп отырғанымыз біздің топырақта түздің үлес салмағы өте көп. Қай жерді алып қазсаңыз, түз болады. Бұл өсімдік түзды бойына сіңіріп, өзіне қоректік

зат ретінде пайдаланады, – дейді ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Қанағат Бегалиев.

Ғалымның айтатынындай бар. Қант құмайы біздің өңірге өте қолайлы. Ол топырақтағы тұзды өзіне тартқанымен қоймай, кейбір улы заттарды да жоюға көмектеседі. Ал тамыры жерде қара шірік болып қалады.

– Мал азығында маңызы зор. Одан бөлек, терең өңдеу арқылы, ғылыми тілде кластер деп те жатады, сол арқылы ұн, жарма, крахмал, спирт өндірісінде пайдалануға болады. Сабағынан қағаз, сыпыртқы, басқа да құрылыс заттарын ала аласыз. Ең ерекше қасиеті – өте құрғақ аймақтарда да жоғары өнім береді, – дейді өз дәлелдерін айтқан ғалым Қанағат Біләлұлы.

Суға онша-мұнша тәуелділігі жоқ осы бір ғажап өсімдіктің отаны Африка деп те айтылады. Жүгері тәрзідес дамиды. Әлемде одан 50-ге жуық өнім алуға болатыны дәлелденіпті. Түріне қарай биіктігі 5 метрге дейін арта беретін өсімдіктің малға берер құнары да ерекше. Бір ғана мысал, құмай сабағын басқа елдің фермерлері қыс ортасына дейін сақтайды екен. Әсіресе,

сүтті сиырмай айналысатын кәсіпкерлер құмайдан дайындалған шөп бумасын қыста ғана сүті азайған сиырларына береді. Бір ғажабы, осы дақылмен азықтанған малдың сүті де тез қалпына келген. Бірден ет алып, қондануға да көп көмектеседі екен.

Дақылдың пайдасын білдік. Әзірге бар тәжірибемен оны кейбір шаруашылықтарда өсіріп жатырмыз. Уақыт өте келе, бұл кәсіптің де қыр-сырын меңгеру қиын емес. Рас, әрбір дақылдан жоғары өнім алу үшін оған алдымен техника қажет. Өкінішке қарай, біздің қолымызда ондай дүние жоқ.

– Осы жерде анықтап айтатын бір нәрсе бар. Егінді әртараптандыру дегеннен гөрі, шаруашылықты қайта мамандандыру деп айтқан жөн. Мысалы, мақсары, бұршақ, құмай, жүгері сияқты дақылды соңғы жылдары егуді қолға алдық. Оның жерін дайындайтын, тұқымын себетін, жинайтын техникасы бөлек. Бізге алдымен осы қажет. Бас салып «мынадай егуді қолға алыңдар» деген тапсырма шаруаға тым қиындық тудырады. Сондықтан шаруашылықтардың мүмкіндігіне қарай біртіндеп, осыларды жергілікті топыраққа сіңіру керек. Өлгі шаруашылықты қайта мамандандыру дегеніміз сол. Оған өзі үш-ақ техника жеткілікті. Культиватор, дән сепкіш және өнімді жинағыш техникалары. Ал картоп егетін шаруашылықтарға бұл үшеуінен бөлек, сақтау үшін керекті температура бере алатын қойма керек, – дейді ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибелі маман, ғалым Қанағат Бегалиев.

Ауыспалы егістікте күріштен кейін жоңышқаны пайдаланып келгенбіз. Қазір оның орнын жоғарыда айтқандай, түрлі дақыл басып жатыр. Бұған мысал, осы күндері аймақта қант құмайын тәжірибе түрінде егуді қолға алған шаруашылық саны аз болса да артқан. Институт қызметкерлерінен бөлек, «Достық-Жер» ЖШС, «Мәді қажы» шаруашылығы, «Ақжарма-1» ШҚ сияқты ірі егін алқабын игерген серіктестіктер осы дақылды егуде. Құрғақшылық пен тұзға төзімді құмай қантына өзге қожалықтардан да қызығушылық жоқ емес.



## Бизнесті қорғаудың қағидасы

**Облыстық кәсіпкерлер палатасының заңгерлері сегіз жылда үш мыңнан астам кәсіпкердің құқығын қорғап, 8,8 млрд теңгесін сақтап қалған. Жалпы «Атамекен» қызметінің басты бағыттарының бірі – кәсіпкерлердің құқығы мен заңды мүддесін қорғау.**

Палата құрылған сәттен бастап, яғни сегіз жылда кәсіпкерлерден алты мыңнан аса арыз түскен. Оның 2232-сі бизнесті қорғау бағытында болды.

Орта есеппен палата сарапшылары түскен арыздардағы мәселенің 42 пайызын немесе 934-ін шешіп берген. 64 лауазымды тұлға жауапкершілікке, соның ішінде 18-і әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

– Палата заңгерлері өтініштерді қарағанда кәсіпкерлердің 8,8 млрд

теңгесін сақтап қала алды. Бұл – күші жойылған айыппұлдар, өсімпұлдар, мемлекет тарапынан қайтарылған қаражат, сақталып қалған бизнес мүлкінің құны және басқалары. Осы қаржының 69 пайызы орта бизнеске тиесілі болса, 31-і шағын кәсіпкерліктікі, – дейді кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов.

Айта кетейік, биылғы сегіз айда облыстық кәсіпкерлер палатасына түскен 89 өтініштің 40-ы шешіліп,

кәсіпкерлердің 79 млн теңгесі қорғалды.

– Бұдан басқа, кәсіпкерлерден түскен өтініштерге талдау жасай отырып, жиі көтерілетін, жүйелі мәселелерді арнайы тізілімге енгіземіз және шешу жолын қарастырамыз. Бұл тізілім не үшін керек? Дәл осындай проблемамен өзге де кәсіп иелері кездесуі мүмкін. Арнайы есепке алу арқылы біз мәселенің алдын аламыз. Сегіз жыл ішінде мамандар 161 мәселені анықтап, оның 93-і арнайы тізілімге енгізілді, 68-і оң шешілді. Биылдың өзінде осындай 8 мәселенің 5-уі реттелді, – дейді палата директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Салават Құлмахан.

Палата мамандары бизнестің құқығын қорғаумен бірге жергілікті атқарушы ор-

гандар қабылдайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобасына сараптамалық қорытынды береді. Сегіз жылда заңгерлер 1064 актінің жобасын қарап, 117-не ескертпелер мен ұсыныстар берген.

Кәсіпкерлердің мәселесін жедел шешуде кәсіпкерлердің құқығын қорғау кеңесінің рөлі ерекше. Кеңес өңірде 2014 жылдан бері тұрақты жұмыс істейді. Осы мерзім аралығында 55 отырыс өтіп, 800-ден аса кәсіпкердің мәселесі шешілді.

Жыл басынан кеңестің сегіз отырысы өтіп, 12 мәселе қаралды. Онда кәсіпкердің құқығын қалпына келтіру бойынша 15 ұсыныс беріліп, оның 9-ы қолдау тапты.

«СБ» ақпарат

**Өңірде су тапшылығына байланысты егінді әртараптандыруға айрықша көңіл бөлінуде. Дикандар дәстүрлі күріш дақылын азайтып, майлы және мал азығы дақылдарына басымдық бере бастады.**

**Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»**

## Мақсарыдан түсім қандай?

Көктемде жанакорғандық «Пазылбек қажы» шаруа қожалығының төрағасы Ғалымжан Орынбасаров егінді әртараптандыруға көшіп, мақсары егуді бастаған болатын. Бұл туралы газет бетінде «Мақсарыға мән берілді» атты мақала жарияланды.

Күз келді. Шаруалар тағы да қызу еңбек үстінде. Шаруашылық басшысы 500 гектарға егілген мақсары дәнін жинап алғанын айтты. Барлығы 300 тонна өнім алынып, оны Шымкент қаласындағы май зауытына өткізген. Келісі 150-170 теңгеден саудаланыпты. Қазір қоймада тұқымдыққа 4-5 тонна ғана қалған. Диканның айтуынша, тұқым сапасы нашарлау шығыпты. Ол тұқымды Орал мен Арқалықтан алдырған болатын. Ал, жергілікті бірқатар шаруа «Талап 10» сортын егіп, мол өнімге қол жеткізген.

– Биыл мақсары егіп көрдім. Алдын ала зерттеу жұмыстарында да жүргіздім. Өлі де жұмыс істелуі керек. Тұқым кеш себілді. Сәуір айында. Кемі 10 күн уақыт кетті. Ауа райының қолайсыздығы тағы бар. Бірақ мақсары суыққа да төзімді екен. Ол сортына байланысты. Алдағы көктемде ескеретін жағдайлар жетерлік. Бәрін ширатып іске асыратын болсақ, нәтижесін беретініне сенімдімін. Келер жылы тұқым ақпан айында себіледі. Сонымен қатар сапалы тұқым алмақпын. Көктемде жергілікті шаруалар еккен тұқымды таба алмадым. Сондықтан биыл Оңтүстік Қазақстан және Алматы қаласындағы «Агропарк»-тен алуды көздеп отырмын. Қысқасы, мақсарының тәуір тұқымын табу қиын болды, – дейді ол.

Қожалық төрағасы тағы бір мәселеге тоқталды. Бұл жердің құнарсыздығы.

– Біздегі жерлердің басым бөлігі құнарсыз. Құрамында элементтер аз мөлшерде. Топырақта кездесетін азот, калий, фосфор төмен. Сондықтан тынайтықыштарды күзде және дәмен бірге шашпақпын. Сонымен қатар мақсарыны суармалы жерлерге де егу жоспарда бар, – дейді Ғ.Орынбасаров.

Ғалымжанның тізбектеп берген мәселесі келер жылы ескеріліп, тәуір тұқым алынып, жерді тынайтып қолданса дақыл өңірге тез жерсініп жемісін беретініне сенімді. Бұдан бөлек, ол мемлекет тарапынан өткізілген өнімге субсидия берілетініне риза. Мәселен, Ауыл шаруашылығы министрлігі мақсарыны қайта өңдеуге назар аударып отыр. Бұған дейін мақсары еккен шаруаларға ғана субсидия ұсынылса, енді май шығаратын зауытқа өткізілетін шикізатқа да демеу қаржы берілімек екен. Бұл – дикан үшін қуанарлық жағдай.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауында ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор екені айтылды. Шаруаларға берілетін субсидия тәсілдерін қайта қарап, тұрақтандыру керектігі де назарға алынды. Бұл, шын мәнінде, саланы аяққа тұрғызуға септеседі.

Жалпы, елімізде мақсары дақыл аз егіледі. Басым бөлігі Түркістан облысына тиесілі. Оңтүстіктік шаруалар мақсарыны шикізат күйінде Қытайға өткізуде. Бағасы да арзан саудаланып жатыр. Өзімізде өскен мақсарыны сыртқа шығармас үшін алдымен шикізатты өңдейтін кәсіпорындарды ашу керек. Сонда ғана дайын өнім ретінде өзге елдерге экспорттауға болады. Бір жағынан шаруаның еңбегі де ақталар еді. Бұл, әрине, мамандардың пікірі.



## ● ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ – 90

*«Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтірілуіне, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өзааңның сіңірген еңбегі ерекше»*

Ә.Кекілбаев



Әлі есімде, туған ауылым Маякұм елді мекеніндегі орта мектептің 8-сыныбына көштік. Комсомол қатарына өтуге бір топ оқушыларды аудан орталығы Шәуілдірге алып келді. Қызылқұм аудандық комсомол комитетінде бюро мүшелері болу керек, ылғи әдеми киінген, жалындап тұрған жас жігіттер тобы отырды. Мені бірінші кіргізді. Ол кезде комсомолдың уставын, ережелерін партия, комсомол басшыларының есімдерін жаттау міндеттелетін. Төрте отырған бұйра шашты, Ғани Мұратбаевқа ұқсайтын 30-дар шама-сындағы ағай сұрақты бастады.

– Кімсің, аты-жөнің, оқуың бес пе? Қандай қоғамдық жұмыстарға араласасың? – деген сауалдар қойды. Жауап бердім. Бюро деген басқосуды бірінші көруім, жүрексініп тұрмын. Әлгі ағай «Партияның, комсомолдың бірінші басшылары кім?» – деді. «Партияның бас хатшысы Леонид Брежнев, ВЛКСМ-ның бірінші хатшысы Евгений Тязельников» деп жауап қаттым.

– Ал енді Қазақстанның бірінші басшылары кім?

– Партияның басшысы Дінмұхамед Қонаев, комсомолдың бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков, – деп жауап бердім.

– Сен Өзбекәлі Жәнібековті білесің бе? – деді.

– Иә, біздің ауылдан, менің әкеммен бірге оқыған. Мен Өзбекәлі ағай оққан мектептен келдім, – дедім.

– Біз партияның, Өзбекәлі Жәнібековтің сөздерін басшылыққа



# Бар қазақтың Өзбекәлісі

ата» қорының президентімін. Жыл сайын 3 мыңнан астам адам қатысатын үлкен жиын, халықаралық конференция өткіземіз. Қоғалдандырып, ағаш егеміз қазір 2000 түп ағаш бар.

Төрежан ахун имандылықты, исламды дәріптеу мақсатында Арқа жеріне Сырымбет даласына 30 күн оразаның кезінде барады екен. Уәли төре мен оның жұбайы Сарғалтай қожаның қызы Айғаныммен өте жақсы сыйластық дәрежеде араласқан. Бір сапарында Уәлиханнның ұлы Шыңғыс төре ұлды болып, оның атын Төрежан ахунға қойдырыпты. Бөбекті қолына алып «Сәбидің аты «Мұхамед-Ханафия» болсын» деп үш рет азан шақырып қояды. Айғаным

Әділ Сасбұқаевқа тапсырма берген. Мұханның көрегендігін халыққа өнеге етіп айтып бергенін Өзбекәлі ағадан естідім.

Өзекең басшы қызметтердің барлығынан өтті. Қазақстан Комсомолы ОК бірінші хатшысы, ВЛКСМ ОК бюро мүшесі, обком хатшысы, ОК бөлім басшысы, Мәдениет министрі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитет хатшысы. Мәскеуге келген сайын Нұртас Оңдасыновқа барып сәлем береді, елдің жаңалығын айтады. Кешегі Алаш арыстарын ақтауды, Наурыз мерекесі, Тіл туралы заңның қайта жаңғыруы, Түркістандағы Тайказанды елге әкелу жайында Н.Оңдасыновтың көп ақлын тыңдадым дейтін.

Өзбекәлі Жәнібекулының туып-өскен ортасы әйгілі Отырар ауданындағы Отырартөбеге экспедициялық топ археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Бұл Өзекеңнің тікелей тапсырмасы болатын. Осыдан 7-8 жыл бұрын дария тасып, Маякұм елді мекенін су алып кетті. Үкіметтен үлкен көмек болды, 100 жана (5 болмелі) үйді тегін салып берді. Қоныстойға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы келіп халықпен кездесті. Тұңғыш Президентке тұрғындар алғысын айтты. Бұл елде Өзбекәлі Жәнібеков туып-өскені сөз болды. Сонда Елбасы «Халқымыз құрметтейтін ұлтжанды азамат, менің ұстазым» деп Өзекең туралы жылы лебіз білдірді.

Өзбекәлі ағаның үйіне Қалихан апаның шайын ішеміз деп Тұран Ізтаев, Көпен Әмірбек, Ақбол Серімова барып тұратын едік. Сұхты көрінгенім, шешіле сөйлегеннен кейін өзіне баурап алатын.

Мен еліміз Тәуелсіздік алған соң Түркияда Қазақ телевизиясы мен радиосының арнаулы тілшісі, Германиядағы Азаттық радиосының (Хасен Оралтай) тұрақты тілшісі, онан соң Түркияда Қазақ елшілігі ашылып, Стамбул қаласында Бас консул қызметтерін атқардым. Ағамыз қасында белгілі каламгер-этнограф Ақселеу Сейдімбеков, Қойшығара Салғаринмен бірге Стамбулда болды. Осман сұлтаны кезінде салынған мешіт-мұражайларға, тарихи орындарға барды. Сұлтандардың әрқайсына тоқталып, терең білімдарлығын көрсетті. Түрік ағайындар тәнті болды. 60-70 жыл бұрын айтылған Мұстафа Кемал Ататүріктің түркі дүниесі туралы қанатты сөздерін тілге тиек етті. Түркі әлеміне кеңінен құлаш ұрған білімдар, саясаткер, тарихшы, нағыз мемлекет қайраткері еді.

Ө.Жәнібеков республиканың барлық аймақтарында болып, көптеген кездесу өткізді. Қоғамдағы жастардың ролін көтеруге айрықша үлес қосты. Ол кезде бүкілодақтық, республикалық екіпінді құрылыстар көп болатын. «Қазақстан Магниткасы» атанған Теміртаудағы құрылыста жастардың ортасында жүрді. Екібастұз ГРЭС-нің, Маңғыстаудағы Қаламқас, Қаражанбас, Бозашы мұнай кеніштерінде, Жамбылдағы фосфор заводында, Қостанайдағы екіпінді нысандар, Торғай боксит рудасы, Семей Жаңа Шүлбі ГЭС-і, Ақтөбедегі

Дон кен орны, Шиелісай кен орны, Қаратау, Жанатас, Кентау, Ақтау, Рудный, Текелі, Қапшағай қалаларының дүниеге келуі, бой көтеруі жастардың еңбегінің арқасында.

Қой шаруашылығын дамыту үшін де жастар бригадасын құру туралы үндеу көтерді. Шұбартаулық жастардың бастамасы – осының айғағы. Мойынқұмдағы екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазыбек Куанышбаевтың шопан таяғын жастарға берудегі өнегелі істері, егіншілік, диқаншылықта екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жакаевтың қасиетті қара кетпенін ізбасарларына тапсыру рәсімінде Өзбекәлі Жәнібековтің арнайы болғанын бүгінде Сыр бойының халқы жыр қылып айтады.

Қазақ топырағынан тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин көкке самғағанда Нұрсұлтан Назарбаев екеуі тарихи оқиғаға қатысқан. Одан кейін екінші ғарышкер Герман Титовты Мәскеудегі қалашықтан Байқонырға ертіп келді. Ыбырай атамен және жастармен кездесулер ұйымдастырылды. Ол кезде Өзекеңнің жанында облыстың бірінші басшысы Хасен Бектұрғанов, комсомолдың бірінші хатшысы Абылай Айдосов бірге болған еді.

Бір жылдары коммунистік партияның түкірігі жерге түспей тұрған заманында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті секретариатының кезекті басқосуы өтті. Оны Орталық комитет хатшысы Мельник жүргізіп отырды. Ауыл шаруашылығы министрі Рогинцев, «Казсельхозтехника» республикалық бірлестігінің басшысы Батраков сөз сөйлеп, қыз-жігіттерді қой бағуға, трактор руліне отыруға, сауыншылық салаға баруға шақырды. Батраков жаңа «К-700» алып тракторлар мен комбайндарды тек қыздарға беремін деп көкіді.

Бір кезде Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков сөз алды.

– Жолдастар, әлгі сөйлеген министрлер Қазақстанға жаңа техникаларды алдырғаны – құлтарлық іс. Оларды 30-40 жылдан бері ескі техникаларды жүргізген тәжірибелі жүргізуші мамандарға беру керек. Ал жастардың негізінен білім алғанын, жоғары оқу орындарына барғанын қалар едім. Ал қыз балалардың техникаға, рульге отыруына қарсымын. Олар ертеңгі ана емес пе? – деп кесіп айтты. Жыын Жәнібековтің сөзімен аяқталды. Алайда партияның сөзі жүріп тұрған заманда бастамалар кейіннен қолдау тауып жатты. Сол кездері казак қыздары жаңа трактор руліне отырды. Қостанайлық Кәмшат Дөненбаева, ақмолалық неміс қызы, казак келіні Наталья Геллерт К-700, «Кировец» алып тракторларын жүргізді. Кейін екеуі де Социалистік Еңбек Ері, СССР Жоғары кеңесінің депутаты болып сайланды. Міне, партияның саясаты.

Бірде Түркияға мемлекет қайраткері Михаил Иванович Исеналиев келді. Қасында Советқазы Ақатаев бар. Түркі дүниесі көшбасшыларының бірі болған Алпарслан Түркешке алып бардым, кездесу өте сәтті өтті. Сонда М.Исеналиев маған қарап:

– Енді мені Михаил Иванович деп

атама, тек «Мәке» де, – деді. Мәке аға өзінің ең жақын досы Өзбекәлі Жәнібеков туралы күнде бір жақсы әңгіме айтады.

– Ресейдегі Челябин, Қорған облыстарында бүкілодақтық жийінға қатысып, елге қайтама деп тұрғанда қонақ үйге телефон соғылды. Көтерсем, Торғай обкомының хатшысы Өзбекәлі досым екен.

– Мәке, Торғай өңірі – тарихи шежірелі аймақ. Жер-жерден, ауылдардан әртүрлі жәдігерлер жинастырып, облыстық өлкетану музейін, театр және мәдениет үйлерін ашамын. «Шертер» ансамблі құрдық, өнерін тамашалайсың. Осы іс-шараға қатысып лентасын кесесің, өзің ашып бересің, – деді.

– Ойбай Өзеке, Орталық Комитеттен рұқсат алу керек. Әрі Торғайға бару қия жер ғой, – дедім.

– Қысқасы, келесің бе, келмейсің бе? Келмесен, сенімен достығымды шорт кесемін, – деп телефонды тастай салды.

Өзекеңнің мінезін өте жақсы білемін ғой. Дерету телефонды қайта қостырып, келетінімді айттым. Жаңа құрылған Торғайдың мәдени өміріне қан жүріпті. Мәдениет, өнер нысандары ашылды. Музейде ауылдардан жинаған жәдігерлермен таныстырды.

– XVIII ғасырдың басында жеті қазынаның бірі – итке арналған итаяқ-астауды өте шебер жасаған. Аманкелді ауданында бір малшының үйінде үлкен төбеттің алдынан көрдім. Иесі тамақ беріп жатыр екен. Дерету тапсырма беріп тазалап жуып, өз машинамен Арқалыққа музейге алып келдім, – деді.

Осыдан кейін Торғай өңірінде итаяқ туралы жақсы әңгімелер көбейді. Бұл – Өзекеңнің талантының, ізденістігінің, ұлтжандылығының бір көрінісі. Мен де Мәкең ағадан естіген әңгімемді көпшілікке айтып жүрмін.


Елімізде Тіл туралы заңның қабылдануы, Наурыз мерекесінің қайта оралуы, Тайказанның Түркістанға әкелінуі, саяси қуғын-сүргін құрбандары болған Алаш арыстарын ақтау комиссиясының құрылуы – қайраткер еңбегінің нәтижесі. Өзағаның жанында қазақтың қаймақтары, ақылшы данагерлері болды. Атап айтсақ, Салық Зиманов, Сұлтан Қартаев, Манаш Қозыбаев, Кеңес Нұрпейісов, Ғайрат Сапарғалиев, Ахмет Ержанов, Әбдуәлі Қайдаров, Қалтай Мұхамеджанов, Шерхан Мұртаза, Қадыр Мырзәлі, Әбіш Кекілбаев, Шора және Болат Сарыбаевтар, Мырзатай Жолдасбеков, Сағат Әшімбаев, Мұхтар Шаханов, тағы басқа ұлт жанашырлары. Сол кезде Қазақ телевизиясы мен радиосының басшысы, белгілі каламгер Сағат Әшімбаевтің «Парыз бен қарыз» телевизиялық хабарына қатысушыларды шақыру, арнайы ертіп әкелу телевизия тілшісі, шоушысы маған жүктелген еді. Бұл – Орталық Комитетте отырған Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей тапсырмасы. Өтпелі кезеңдегі «Парыз бен қарыз» хабары қоғамды дүр сілкіндіргені рас.

Қазақтың қайсар ұлдарының бірі, 1938 жылдан 1953 жылға дейін Қазақ ССР Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы, 15 жыл Қазақстан үкіметін басқарған, кейіннен Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болған Нұртас Дөңдібайұлы Оңдасыновтың «Біріншіден, менің қолым таза, ешкімнен бір нәрсе алып арымды былғағаным жоқ, екіншіден жан-дүнием таза. Үштіктің айтақтауына еріп, біреуді жамандап сыртынан қол қойғаным жоқ. Үшіншіден, жүзім таза, ешкімді ала-ламадым, руға, жүзге бөлмедім. Тек бір қазақ халқына, оның болашағына адал қызмет еттім» деген ұлағатты да асыл сөздерін мен тура Өзбекәлі Жәнібековке арнап едім.

1991 жылы 28 тамызда коммунистік партия өз жұмысын тоқтатты. Сол күні Өзбекәлі Жәнібековтің туған күні еді. Шағын топ тойлады. Қайта қызмет ұсынылмады. Тәуелсіздік алған соң шетелдерде казак елшіліктері ашылып жатты. Кез келген елге, әсіресе түркітілдес мемлекеттерге Өзекең сияқты тұлғаларды елші қызметке жіберсе, одан көп нәрсе ұтқи. Нағыз елші, нағыз дипломат, нағыз қайраткер Өзекең емес пе?! Заңғар жазушы Шыңғыс Айтматов, режиссер Төлеміш Өкеев, Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов шетелдерде елші қызметтерін атқарды ғой.

Иә, өмірдің көш керуені тоқтаусыз. Бар қазақтың Өзбекәлісінің 90 жылдығы келді. Тарихты ешкім жокқа шығара алмайды. Оны халқы өте жақсы көрді, аса құрмет тұтты, еңбегін жоғары бағалады. Ендеше, мерейлі мерекесін жоғары дәрежеде өткізу барша көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың борышы деп білеміз.

**Ержан УӘЙІС,**  
**Қазақстанның**  
**еңбек сіңірген қайраткері**



алуымыз керек. Өйткені болашақ жастардыкі. Ол – Отырардан түлеп ұшқан тұлға, – деді.

Бұл бюроны басқарып отырған Қызылқұм аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Арысбек Тәжиев екен. Орталық Комитеттің тапсырмасымен, Өзекеңнің тікелей бұйрығымен осы ауданға бірінші хатшы болып сайланған. Ауданда комсомол жастар бригадасы көптеп құрылды. Механизаторлар, қыз-келіншектер трактордың роліне отырды. Шопандар бригадасы да ұйымдасты. Жастар ауылдық жердегі құрылыс жұмыстарын жүргізді. Осы істердің басы-қасында Арысбек Тәжиев ағайдың есімі жақсы аталады. Өйткені ол Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей тапсырмасы деп әңгімені әріден бастайды. Кейін партия ұйымдарында басшылық қызметте болды, облыстың құрметті азаматы атанды. Бұл да Өзекеңнің тікелей шарапаты болса керек.

Өзбекәлі Жәнібеков Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің депутаты болды. Сессиясының үзілісі кезінде мені қасына шақырып алып, жеке әңгімелесетін. «Сенің әкеңмен бірге оқыдым, Уәйіс атадан бата алдым» деп еске алушы еді. Менің үлкен атам Уәйіс қожаның әкесі Төрежан ахун есімі Сыр бойына белгілі дін ғұламасы болған. Арғы аталары Хорасан атаның ұрпақтары. Жаңақорған ауданында Хорасан ата кесенесі, алып күмбезді гиабат орны бар. Мен сол «Хорасан

әже кішкентай сәбиді еркелетіп «Шоқаным, Шоқаным» деп атап кеткен екен. Тарихи тұлға Шоқан Уәлихановтың есімі осылай қойылған. Осыны Өзбекәлі ағаға айтып бергенде, «Оны әлі зерттеу керек, жүрген жерінде айтып жүр» деп еді. Өзі де Шотаман Уәлихановқа айтыпты.

Бірде Өзекең «Сол ғұлама тұлғалардың ұстаздары тобын білесің бе?» деп сұрақ қойды. Сыр бойында Айқожа ишан, Құлболды ишан, Марал ишан, Қосым ишан, Тұрмағанбет шайыр, Садридин Айни – бәрі де Бұқарада Көкілташ, Мір Араб медреселерінде білім алған. Айқожа ишан Жаңақорғандағы Ақтас мешітін салдырған. Кейін сол мешітте халық жазушысы Қалтай Мұхамеджановтың әкесі Мұхамеджан Нұрекеев медресе ашып, бала оқытты. Ол мешіт кеңес заманында мал қораға айналған еді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков жазушы Бегімбай Ұзақбаевқа телефон шалып: «Ақтас мешітін мал қорадан тазала, айнала-сына ағаш ек, қазақтың оюлаған киіз-текеметі қойылысын» деп тапсырма берген екен.

Мұндай жайт Мұхтар Әуезовтің Оңтүстік сапарында кездескен. Ұлы Мұхқан Шаян, Созақ аудандарын аралаған сапарында Созақтағы Баба ата, Ысқақ баб кесенесі де мал қораға айналғанын көрген. Қасындағы аудандық парткомның бірінші хатшысы Төлепбек Назарбеков және

жылдың 1 шілдесінен бастап электр энергиясын өндіретін станциялардың 3-тен 5,5 пайызға дейін шекті тарифтерінің өсуі және «КЕГОК» АҚ-ның электр энергиясын беру қызметі тарифінің 14,3 пайызға дейін артуы болып табылады.

**«Дәулетэнерго» ЖШС**  
**әкімшілігі**

## «Дәулетэнерго» ЖШС тұтынушыларының назарына!

«Дәулетэнерго» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне электр энергиясының алдағы уақытта шекті бағаңыз өсетіні туралы хабарлама жолдағанын, ондағы жобалық орташа босату

бағасы 1 кВт. сағатқа ҚҚС-сыз 20,31 теңгені құрайтынын немесе қолданыстағыдан 6,1 пайызға өзгертіліп ұсынылғанын өзінің тұтынушыларына хабарлайды.

Бұл өзгерістің негізгі себептері: Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №211 бұйрығына сәйкес, ағымдағы

## «Энергосервис» ЕЖШС-ның электр энергиясын тұтынушылары назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 01.02.2017 жылғы №36 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық маньысы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын» басшылыққа ала отырып, «Энергосервис» ЕЖШС. – Қызылорда облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментіне электр энергиясының шекті

бағасын 10.10.2021 жылдан бастап өзгерту жөніндегі ұсыныс жолдағандығын хабарлайды. Жобаланып отырған электр энергиясының орташа сауда нарығындағы орташа босату бағасы 1 кВт\*сағатына 19,78 теңгені (ҚҚС-сыз) құрайды.

Бұл өзгерістің негізгі себептері: Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021

жылғы 24 маусымдағы №211 бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап электр энергиясын өндіретін станциялардың 3-тен 5,5 пайызға дейін шекті тарифтерінің өсуі және «КЕГОК» АҚ-ның электр энергиясын беру қызметі тарифінің 14,3 пайызға дейін артуы болып табылады.

**«Энергосервис» ЕЖШС**  
**әкімшілігі**

● МЕРЕЙ



# «Сыр бойының» мектебі шеберлігімізді шыңдады

Токсанның төріне шыққан «Сыр бойы» газетінің кейінгі жетпіс жылға жуық тарихының куәгері, әлі күнге оқырманын жоғалтпаған журналист бар арамызда. Қоғамдағы жайларға сергек қарап, қолынан қаламмен тастамайтын ардагер журналист Қайырбек Мырзахметов биыл 85 жасқа келді. Мерейтой қарсаңында қаламгермен өмірі, еңбек жолы туралы сұхбат құрдық.

— Қайырбек аға, осыдан 67 жыл бұрын «Сыр бойына» жұмысқа қабылданыпсыз. Бастауыш сыныптың мұғалімі облыстың бас газетіне қалай келді?

— Педучилищені бастауыш сынып мұғалімі болып бітіргеннен мамандығыма сай жұмыс бірден табыла қоймады. Ойлана келе, газетте жұмыс жасағым келетінін түсініп, редакция жағаладым. «Сыр бойының» редакторы Хамза Сыздықов екен. Арнайы барып «Аға, газетке жұмысқа тұрғым келеді. Қарауылдық қызмет болса да болады» деген едім. «Жап-жас жігітті қалай қарауылдыққа алам?» деп, ол кісі біраз ойланды. «Газетте жұмыс істеу – арманым» деп мен де қайтпаймын. Сонымен жауапты хатшы Шора Ералиевті шақырып алып, ақылдасып, корректордың жанына тындаушы етіп қызметке алды. Бір күні Сыздықов орынбасарлыққа ауысып, орнына Зейнулла Жаркынбаев келді. Ол кісі келген соң қабылдау бөліміне ауыстым.

Шамалы уақыттан кейін Шиелі аудандық газетіне барғым келетінін айттым. Осылайша ауданға барып, ҚалқабайӘбеновредакторлық ететін «Коммунизм жолында» біраз жұмыс істеп, партия қатарына өттім. Партияға өткесін, Қызылордаға қайтып келдім. Тағы да әр жерге барып көрем, жұмыс жоқ. Содан өзім өскен Қоғалыкөлге барып, мектепте пионер вожатый болдым. Мектептің директоры тапсырманы үйіп-төгіп береді, балалармен шара өткіземіз, кейде олармен қосылып түрлі ойын да ойнаймын. Сол кезде кейін өзімнен әріптес болған қаламгер, акын Әскербек Рақымбекұлы 4-сыныпта оқиды екен. Қосымша аудандық, облыстық газеттерге, республикалық «Жас алаш», «Пионерге» мақала жазып тұрамын. Олардан түскен 15-20 сом қаламақы 60 сом айлығыма қосылып, жағдайым әжептәуір жақсарып қалды. Бірақ, айналып келгенде мектепте жұмыс істегім келмеді. Облыстық газетке келіп, корректор болдым. Мұнда шамалы жұмыс істегеннен кейін ҚазҰУ-ге оқуға аттандым.

Киров атындағы бұл оқу орны – ол кезде қазақтың маңдайалды университеті. Еліміздің түкпір-түкпірінен 600 бала оқуға тапсырғанымызбен, журналистика факультетіне тек 25 бала қабылданды. Соның 400-і орыс тілінің диктантынан құлады. Мен 4 алдым. Солай жолым болып кетті. Жазда «Ленин жолына» практикаға келіп тұратынымын. Мақала жазам, студент үшін поранора ақша болып саналатын қаламақы төлейді. Бірақ, оқу бітіргеннен кейін жолдамамен келсем, орын жоқ деп алмайды. Қолымда ЦК-ның жолдамасы. Шамалы уақыттан кейін ғана жұмысқа қабылдандым. Редактор Ұзақ Бағаев еді. «Сыр бойындағы» өмірім осылай басталды. Редакцияда жылдар бойы тұрақты қызмет етіп, 1996 жылы зейнетке шықтым.

— Балалық шағыңыз соғыс уақытына тұспа-тұс келді. Еңбек жолын ерте бастап, елгезек тілші болуыңызға сол қиындықтар әсер еткен болар...

— Балалық шақта ойын

дегенді білмедік. Мойнымызға дорба асынып, күніне 8-9 кесе масақ тереміз. Қарын тойдырып, тамақ ішпедік. Кейде 85-ке қалай келгеніме таңғалам, сол қиындықтарды көрген мен баяғыда өліп қалуым керек еді. Елуінші емес, алпысыншы жылдардан кейін ғана есімізді жинадық. Үйде жалғыз бала болдым. Әкемнің Мәді деген інісі ағасына баласы болмағасын мені берген. Шешем мені бауырына басқаннан кейін 47 жасында аяғы ауыр болып, бірақ операциядан көз жұмды. Әкем анам қайтыс болғасын келіншек алып, 7 бауырым дүниеге келді. Өміріміз қиын көрген тап келгенімен, тағдырдың талқысы бізді шыңдады.

— «Сыр бойында» жүргенде тоғыз редактормен жұмыс атқарыпсыз. Ол кездегі газет редакциясы қандай еді?

— Редакцияда мәдениет бөлімінде ұзағырақ жұмыс істедім. Ақын, жазушы, драматург Қомшабай Сүйеішіпов бөлім меңгерушіміз болды. Тілшілер Рысты Бекбергенова, Бөлсебай Әлменов төртеуіміз бір бөлімде отырдық. Газетте жұмыс істеп, арманым орындалды деп айта аламын, үйлі болдым. «Сыр бойының» мектебі шеберлігімізді шыңдады. Бірақ газеттің қиындығын көп көрдік. Сендердің кезеңдерін – нағыз рахат кезең. Ол кезде таңертеннен түнге дейін жүретінбіз. Газет аптасына бес күн шығады. Қазіргідей компьютер жоқ. Ылғи майданнан қайтқан үлкен кісілер жұмыс істеді.

Әр редактордың өзінің қалам тартысы, мінезі, журналистік шеберлігі болады. Біздің бағымызға Ұзақ Бағаев келіп, көзіміз ашылды. Ол редактор әрі журналист ретінде танылды. Бағаевтай шебер журналист болған емес, ол қалай жазу керектігін өзі бастап көрсететін.

Одан кейінгі редакторлардың арасында обкомның нұсқауымен кездейсоқ келген адамдар да болды. Редактордың қалам тартысы мықты болса, олардан үйренген сенін де жазуың мықты болады. Жалпы, газет – үлкен мектеп. Газетке Жаксылық Рахматулла жас кадрларды көп алды. Айталық, «Сыр бойына» Айнуір Батталова, Гүлжазира Жалғасовалар сол кезде келді. Бағаев оның алдында Шәкізат Дармағанбетовті, Айжарық Сәдібековті іздеп жүріп жұмысқа алды. Әскербек Рақымбекұлын алып келді.

Ал, Серік Пірназар қаламақыны көтерді. Жұмысқа жастарды көбірек тартты. Жақсы материал үшін сыйақы беруді дағдыға айналдырды. Журналистерді жағылау тұрғысынан ол көп жұмыс атқарып кетті. Бағаев жазуды бағалады, жақсы материал жазсаң, шақырып алып, рақмет айтатын. Ол уақытта журналистердің жиыны өткен сайын шығармашылық талас болатын. Апта сайын жиын өтіп, газетке шыққан материалдарға шолу жасалып, әр журналистің нені қалай жазғаны, ізденісі не тым-тырыс отырғаны, кем-кетігі айтылатын. Бағаев осыны қалыптастырды.

Газет тарихындағы осындай өзіндік орны бар редакторлармен қатар қазіргі «Сыр медианы» қалыптастырған Аманжол Онғарбаевтың еңбегі ерекше. Газеттің тари-

хында түгелдей аудандық газеттерді облыс орталығына әкеліп бастыру болған емес. Барлық газеттің жұмысын ұйымдастырып, қалаға, аудандарға таратып, пошташылардың қызметін үйлестіру оңай шаруа емес.

— Журналистика, оның ішінде баспасөзде жұмыс істеудің қызығы, қиындығы туралы сөз қозғайықшы. Техника қазіргідей дамымаған ол жылдары тілшіге артылар жүк те аз болмаған секілді...

— Расымен де редакциядағы қарбалас кезінде басшымыздан талай қызық өтті. Бірде Қомшабай Сүйеішіпов екеуіміз газетке кезекші болдық. Ол кезде газет шығару үшін түнімен редакцияда жүреміз. Хрущевтің 50 беттік есептері жарияланады. Ол Алматыдан қазақшаға ауоперациядан көз жұмды. Түнімен соны күтіп отырамыз. Сол күні есепті күтіп-күтіп шаршап, Қомшабайдың үйіне барып демалып келейік дедік. Ұйықтап кетіппіз. Көзімізді ашып қалсам, сағат таңертенгі 9.00. Газет тексерілмеген, қол қойылмаған деген ой ұйымды шайдай ашып жіберді. Сөйтсек, редакторымыз Ұзақ Бағаев түнде келіп, газетке өзі қол қойыпты. Мұны естігесін, «құрыған жеріміз осы шығар» дедім. Түнде баспахананың бастығы «кезекші жоқ» деп редакторға қонырау соққан, содан боранды күнге қарамастан Бағаев келіп, газетті басуға жіберген. Редактор бізді шақырып алды, бірақ ұрыспады. Сабырлы қалыпта «бұл газет қой, байқасандаршы» дегені. Ал, біз сөгіс берсек деп арыз жазуға дайын отырғанбыз, түсіністік танытқанына ерекше риза болдық.

Газетте мектеп, отбасы туралы «Сырласу» бетін ұйымдастырғаным есімде. Бірде кабинетіме бет-аузы көгеріп кеткен бір жігіт кіріп келді. Арнайы келгені байқалды, мен де көрген бойда не болғанын сұрап жатырмын. «Түнде көршімнің баласы ұрып кетті. Ақша сұрап, өзімді соққыға жықты. Мұны газетке жазбасаныз болмайды» дейді. Сонымен, «Сырласу» бетіне «Түнделеткен көршімнің баласы екен» деген тақырыпта жылдам материал дайындадым. Газетке сол күні шығып кетті. Ертеңіне көршісінің баласын жетектеп, алғи жігіт келіп тұр. «Мені ұрған жоқ, жай ашумен айтып едім» дейді. Мұны естіген редактор кабинетіне шақырып алып, газетке нұқсан келтірдің дегендей сөздер айтты. «Ой, аға, өзі жазып берген арызы мынау, қолы мінекей» десем де, ренжігені байқалды, тіпті жұмыстан босататын сынайлы. Содан Жаңақорғанның Сапарбеков деген прокурорына хабарластым. Ол жігітті ұрған баланың есепте тұратынын, жақында басқа соты болатынын жеткізді. Мұны білгесін соны дәлелдейтін анықтама әкеліп бердім Бағаевқа. Редактор оқып көріп, «атышулы бала екен ғой» деп шошып кетті. Осылай тағы бір рет аман қалдым.

— Ол кезде газетке жазылған сын ескерусіз қаламайтынын, тіпті бұрода қаралып, талқыланатынын аға буын жиі айтады. Сіздің де қоғамда резонанс тудырған мақалаларыңыз болды ма?

— Бір күні редактор Бағаев шақырып алды. «Қайырбек, саған риза болып отырмын. Мақаланың тақырыбын дәл тауыпсың» дейді. Ол обкомның бюросында да материал тексеріп отыратын. Бұл шопандардың жағдайы туралы мақала еді. Шопандар Сарысудан көшіп келсе, үйлері дайындалмаған,

Жалаңашта бала-шағасымен күздің қара суығында ызғып отыр екен. Соны біліп, «Кіз үйдің түндігі желпілейді» деген мақала жазған едім. Сол мақаладан кейін, үлкен шу болып, малшыларға көңіл бөлініп, жағдай жасалды.

— «Сыр бойының» мектебі мықты тілшілерді ғана емес, белгілі жазушы, ақындарды қалыптастырды. Олардың дамуына бір-бірін қолдауы да әсер еткен секілді...

— Иә, «Сыр бойы» талай журналистерді шыңдады. Нәсіреддин Сералиев деген жазушыны, қаламгер Айжарық Сәдібекұлы, Құтыбай Сыдықов, акын Әскербек Рақымбекұлын шығарды. Қазі Данабаев деген мықты журналист болды. Бір кездегі тілші Жолтай Әлмешұлы – қазір ғылым докторы, драматург. Несібелі Рақмет деген әріптесіміз материалды мөлдіретіп жазатын, әңгіменің нағыз шебері. Ол кездегі жастар республикалық деңгейдегі шығармашылық өкілдеріне қарап, солардай болсам деп армандайтын. Олардың шыңдалуына сол кездегі Жазушылар Одағындағы әдеби бірлестіктің жетекшісі Асқар Тоқмағанбетов пен Қомшабай Сүйеішіпов үлкен ықпал етті. Бірлестік жастардың бір жылт еткен әңгімесі шықса, арнайы шақырып алып, демеп отыратын. Өлеңдерінің газетке шығуына көмектесетін. Жас ақындардың біразына Асқар Тоқмағанбетов жол сілтеп, алғысөз жазып берді.

— Бұрын газеттің таралымы да, оқырманы да көп болғаны белгілі. Ал бүгінгі баспасөздің аяқалысын қалай бағалайсыз?

— «Сыр бойының» әр санын оқып, тілшілердің қалам тартыстарына риза болып отырамын. Бұрынғыдай емес, қазір ұжымның басым бөлігі жастар.

Айта кету керек, қазір басшыларға барсаң, алдынан газет көрмейсің. Облыстың тыныс-тіршілігінен хабардар ететін газетті бірінші басшылар міндетті түрде оқуы керек деп ойлаймын. Бұрын баспасөздегі жаналықпен, көтерілген мәселемен танысуды міндеттеп, басты газеттерге жазылу керек деген тапсырма болатын.

— Зейнетке шықсаңыз да, басылымынан қол үзбедіңіз. Қазір қандай дүниелер жазып жүрсіз?

— Сексеннен ассам да әлі күнге қолымнан қаламды тастамадым. Газетте жұмыс жасағалы, бес кітап жазған екенмін. «Көзкөргендер» деген кітапты жақында ғана баспаға бердім. Сол бес кітапта өмірімнен бастап біраз дүниелер жазылды. «Ағалар салған жол», «Сыр перзентімің», мемлекеттік тапсырыспен басылған «Сырда туып, Сырда өстім», «Менің бабаларым», «Аманат» деген кітаптарым бар.

Жалпы, «Сыр бойында» еңбек ете жүріп армандарым орындалды деп айта аламын. Сол кездері республикалық газеттерге ауысуға мүмкіндігім болды, бірақ осында отбасым бар, еке-шешем де жібергісі келмеді. Редакцияның арқасында үйлі болдық. Қазір немерелерім жанымда, қызым Зульфия медициналық университетті аяқтап, облыстық балалар ауруханасында қызмет етеді, медицина ғылымдарының кандидаты. Ұлым Пәкістан университетін бітіріп келді, қазір аудармашы.

— Уақыт бөліп, сұхбат-тасқаныңызға рақмет!

Әңгімелескен  
Айдана  
ЖҰМАДИНОВА,  
«Сыр бойы»

Токсаныншы жылдардың басында ғылым жолына бет бұрып, Мәскеуге аттандым. Сол кездегі Кенес Олағының педагогикалық ғылымдар академиясына алдымен стажер-зерттеуші, кейіннен аспирант болып қабылдандым. Бақытжан ағай сол академияда бізден бір-екі курс жоғары оқиды. Арбатта пәтерде отбасымен тұратын. Аптасына бір барып, төркіндеп келген қыздай болып, Мәугеүл апайдың шайының үстінде бүкіл жағдайымызды айта-тынбыз. Асықпай тындап, ақылын қосып, шығарып салатын. Сол кезде Қызылордадағы екі жоғары оқу орнынан 40-тай аспирант бармыз,



## Жарқырап жүрген жайсаң жан еді

ағайдың үйі штаб секілді еді. Көп ұзамай ол диссертациясын табысты қорғап, елге аттанды.

Кейіннен аспирантураны бітіріп, өзім оқыған академия жанындағы Эстетикалық тәрбие зерттеу институтына үш-төрт жыл кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарып, мен де елге жеттім. Сол кезде кі оқу орны біріктіріліп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті құрылып, ағай оқу-әдістемелік бөлімнің басшысы қызметінде екен. Оның қарамағына бас әдіскер болып орналастым. Енді құрылған жаңа білім ордасының алдында мың сан міндеттер бар. Университеттің сол кездегі ректоры Қылышбай Алдабергеновты – өте талапшыл, жауапкершілігі жоғары, білікті басы. Жұмыстың ең ауыр салмағы оқу бөлімінде. Ағай күн демей, түн демей жұмыс жасайды, тіпті кейде түскі ас ішуге қол тимейді. Өте тиынақты, өзінің тілімен айтқанда, мәтінге кісі еді. Жас арамды онша алыс болмаса да, қатты сыйлайтын-нымыз соншалықты алдынан кесекөлднен өтпеуші едік.

Кейін ол оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, мен тәрбие департаментінің басшысы қызметтерін атқарды. Бірлесіп, жұмыла жұмыс жасап, дестүрдің қалыптасуына ұйытқы болдық. Сол дестүрдің бірі – ретрофестиваль еді. Әр факультеттен фестивальға оқытушы-профессорлар, студенттер қатысып, гала концерт үлкен мерекеге айналатын. Сол концерттерде Бақытжан ағайдың кәсіби әншілерден асып түспесе, кем емес, құлаққа жағымды баритон даусымен тамылжыта салған «Қараторғай», «Тембеледі тың дала», «Атамекен» әндері жанды тебірентетін.

Ағайдың отбасына, ағайынға деген қарым-қатынасы да өзгеше еді. Мәугеүл апай дүниеден озғаннан кейін қанша адам оған тағы да отбасын құру қажеттілігі туралы ақыл қосты. Апайдың аруағын сыйлағаны ма, балаларының көңіліне кірбін түсірмейін деді ма, әйтеуір, қайтып бас құрамады.

«Бақытжан аға бақилық болды» деген суық хабар төбемізден жай түскендей әсер етті... Ол атқарар қанша игі істер бар еді, әлі...

Бұл – бүкіл Сыр еліндегі педагог қауымының қайғысы. Қаралы хабар тараған бойда облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықовадан бастап, қоғам қайраткерлері, әріптестері мен шәкірттері жер-жерден көңіл-костарын жолдады. Аймақ басшысы «Бақытжан Әбдіқалықұлы ұзақ жылдар бойы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ректорының орынбасары, ректор, облыстық білім басқармасының басшысы, М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры болып қызмет етті. Білім беріп, ғылымға үйретіп, тәрбиелеген шәкірттері бүгінде республикамыздың барлық аймағында лайықты еңбек етуде. Ізгі істері артында қалған ұрпағына ұлағат болсын!» деп жазды.

Амал не, марқұмның барған жері жаннат, иманы жолдас болсын. Ендігі жерде алтын қазықтай Алтынай, Ұмтай, Әділ сынды ұл-қыздарына өрісті өмір тілейміз.

**Рабиға ПІГЕНБАЕВА,**  
«Педагогикалық-психологиялық білімдер және оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

### 2021 жылдың IV тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы торағасының және комиссия мүшелерінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| р/с | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау аты-жөні, тегі | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау-шылардың лауазымы   | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы                                                           | Байланыс телефоны |
|-----|----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1   | Құлымбетова Сауле Ибрагимқызы                      | Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының торағасы | Сәрсенбі сағ. 16.00-18.00                           | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Облыстық мекемелер үйі №136 «а» каб. | 60-54-66          |
| 2   | Сатлабаев Мирамбек Ахметұлы                        | Комиссия мүшесі                                         | Дүйсенбі сағ. 16.00-18.00                           | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Облыстық мекемелер үйі №136 «б» каб. | 60-54-66 (51-87)  |
| 3   | Ильясов Талғат Ибрагимұлы                          | Комиссия мүшесі                                         | Сейсенбі сағ. 16.00-18.00                           | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Облыстық мекемелер үйі №132 каб.     | 60-54-64          |
| 4   | Садүакасова Айгүл Аманханқызы                      | Комиссия мүшесі                                         | Бейсенбі сағ. 16.00-18.00                           | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Облыстық мекемелер үйі, №134 каб.    | 60-54-65          |
| 5   | Мұсабеков Роман Темірбекұлы                        | Комиссия мүшесі                                         | Жұма сағ. 16.00-18.00                               | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Облыстық мекемелер үйі №133 каб.     | 60-54-63          |

#### СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) **60-54-66 (71-56)** «Сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды.

### Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердалиева Мира Кыстаубаевна (лицензия №0000316, 27.11.1998 ж.) 2021 жылдың 18 мамырында қайтыс болған азаматша Садүакасова Орынқұлдың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі 3 В (ЦОН аялдмасы), тел.: 8 702 777 27 22.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 22 наурызында қайтыс болған азаматша Айдарбекова Галия Қожантаевнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі «Құрмет белгісі» орденінің, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Сырдария ауданының Құрметті азаматы», Сырдария аудандық ардагерлер кеңесінің торағасы

#### Хайролла Әбенұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

\*\*\*

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы белгілі қаламгер, «Ақпарат саласының үздігі», «Мәдениет қайраткері»

#### Ертай Бижігітұлы Бекқұлдың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

# «Минотаврлар марафоны»

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайында Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері, көрнекті суретші Қайырбай Зәкіровтің туғанына 75 жыл толуына және шығармашылық қызметінің 50 жылдығына арналған «Минотаврлар марафоны» атты жеке көрмесі ашылды. Мәдени шара Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, ҚР Көркем академиясының 15 жылдығы аясында ұйымдастырылған.

Биболат СӨТЖАН,  
«Сыр бойы»

Салтанатты іс-сараға Сыр елінен облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев, облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев бастаған арнайы делегация қатысып, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың құттықтауын жеткізді. Сондай-ақ, өнер иесіне шапан жауып, құрмет көрсетті.

«Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен және шығармашылығыңыздың 50 жылдығымен Сыр жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіз еліміздің бейнелеу өнерінің дамуына зор үлесін қосып жүрген өз ісінің майталман шебері, график суретші, лирик ақын ретінде халқыңыз құрметтеп, бағалайды. Өзіндік өнеріңіз интеллектуалды-философиялық көпқырлылығымен ерек-

шеленіп, ежелгі салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен сабақтасып, уақытпен үндеседі.

Қаламыңыздан туған дүниелер елімізде ғана емес, АҚШ, Франция, Португалия, Қытай, Жапония, Марокко, Йемен секілді шет мемлекеттердің өнер мұражайларында, Ресей Федерациясы Мәдениет министрлігінің қорына қойылып, шетелдік дербес коллекционерлердің қолында сақталған. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Минотаврлар марафоны» атты жеке көрмеңіздің ашылуымен құттықтай отырып, деніңізге саулық, ұзақ өмір, отбасыңызға амандық тілеймін. Шығармашылық шабытыңыз шарықтай берсін! Тойыңыз тойға ұлассын!» делінген облыс әкімінің құттықтауында.

Ән мен жырдың ордасына айналған Сырдан үрейлер ғана емес, сурет өнерінің де хас шеберлері шыққан. Сырлы

әлемі, табиғи дарынын әрбір туындысынан аңғарта отырып, солардың бірегейі ретінде елге танылған өнер иесінің бірі Қайырбай Зәкіровтің шығармашылық қызметі 1970 жылдары басталды. Сонау 1974 жылы республикалық, халықаралық көрмелерге қатыса бастағаннан еліміздің рухани өміріне серпіліс болар іргелі жобаларды жасады.

Ол көпшілікке «Ұлбаланың бакыты», «Теңіз туралы толғау», «Базар жырау» топтамаларымен белгілі. Философиялық терең ойлайтын суретшіні әлем, адам болмысы, уақыт байланысы және ата-бабалардың рухани мұрасы тақырыптары толандырады. 1990 жылдан бастап суретші шығармашылығы өзгеріске ұшырап, туындыларында мифологиялық сюжеттер мен ғарыштан, бейнебір күс жолынан келгендей мистикалық



бейнелер пайда болды. Шығармашылық жолы графикадан басталып, ұлттың рухани және мәдени өміріне ықпал еткен қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі әлеуметтік өзгерістер жайлы сыр шертетін қаншама туынды, жұмбақ көрініске толы 150-ден астам картина сериясын өмірге әкелді.

«Минотаврлар марафоны» – Қайырбай Зәкірұлының акварель туындылары топтамасының шартты атауы. Оған соңғы екі жылда орындалған жиырмаға жуық акварель парактары кіреді. Мұндай тақырыптың таңдалуы, ең алдымен, суретшінің дүниетанымы мен көзқарасының өзіндік ерекшелігінде жатыр. Өмір мен өнерді марафон деп қабылдайтын ол өз шығармаларында уақыт пен сезімнің трагедиясын көрсетуге тырысады. Егер суретші үшін графика – ең алдымен ойлау, дүниетанымды көрсету тәсілі болса, онда акварель – сезімдері мен эмоционалды рефлекстерді жеткізудің құралы. Шын мәнінде, автор «Құлтегің», «Қызыл құмыра», «Чонтваридің жұмағы», «Толғанай», «Қаңбақ», «Реквием», «Летаргия», «Талтүс», тағы басқа акварель жұмыстарында адам құндылығының жоғалуы сынды уақыттың қасіретін ішкі жан дүниесінен өткізе отырып, мысқылмен, сарказммен жеткізеді.

Автордың жеке жинағынан 30-ға жуық туынды қойылған көрме 27 қыркүйекке дейін жалғасады.

## ФУТБОЛ

Футболдан Қазақстан құрамасы жанкүйерлер сенімінен шығуға барынша күш салып келеді. Құрама тізгінін отандық маман Талғат Байсуфинов ұстағаннан бастап ойын өрнегі түрленіп сала берді. Жасыл алаң төрінде жарқырап көрінген жастарымыз көбейді. Қарсыластан қаймығатын деңгейден өткен секілдіміз. Алғашқы минуттан ойын соңына дейін допқа таласып, ұрымтал сәттерде қанжығамызды майлап жүрген жайымыз бар.

## Құрама қайратқа міне бастады

Сейсенбіде өткен Босния және Герцоговинамен кездесу алдында жанкүйерлер түрлі ойға берілгені рас. Ойыннан бұрын түрлі себептерге байланысты негізгі құрамдағы бірқатар футболшылардың жасыл алаңға шықпайтыны белгілі болды. Қолдағы мүмкіндікті қарастыра отырып, Талғат Байсуфинов алғашқы минуттан төмендегі ойыншыларға үміт артты. Қақпаға Игорь Шацкий иелік етсе, қорғаныс шебінде Юрий Логвиненко, Сергей Малый, Александр Марочкин, Марат Быстров, Роман Воронский сап түзеді. Жартылай қорғаныста Асхат Тағыберген, Исламбек Қуат, Георгий Жуков, Владислав Васильев болды, шабуылда Артур Шушеначев ойнады.

Айта кетсек, бұған дейін екі құрама бірде-бір мәрте кездескен жоқ. Сондықтан алғашқы ойынның екеуі де маңызды еді. Алаң иелері тізгінді бірден өз қолына алуға тырысты. Дегенмен, бірінші кезеңде есеп ашылған жоқ. Екінші кезеңнің 51-минутында қазақстандық жартылай қорғаушы Исламбек Қуат бұрыштамадан әуелете берілген допты қақпа торында тулатты. Ал 74-минутта Қазақстан құрамасының

қақпасына белгіленген пенальтиден босниялық Миралем Пьянич мүлт кеткен жоқ. Оның әріптесі Лука Менало 85-минутта өз құрамасын алғаштырды. Ал 94-минутта Бактиёр Зайнутдинов таразы басын теңестіріп, қос құрама 2:2 есебіне қанағат білдірді. Екі голдың да соғылуына Қызылорда футболының түлегі Асхат Тағыберген үлкен үлес қосты.

– Біздің құрама жас, енді жасақталуда. Әлі де өсуіміз керек. Жаттығу жұмыстарында комбинациялық футбол ойнауға әрекет етіп жатырмыз. Босния секілді мықты қарсыласпен ойнап, тағы біраз тәжірибе жинаймыз. Бірақ тек қорғанып жатпаймыз. Біз лайықты қарсылық білдіргіміз келеді, – дейді бас бапкер журналистермен жүздесуінде.

Қазақстандық құрама іріктеу сатысында D тобында сынга түседі. Қарсыластары – Франция, Украина, Босния және Герцоговина, Финляндия. Енді алдағы ойын 9 қазанда жалғасады. Бұл күні Қазақстан құрамасы өз алаңында Босния және Герцоговинамен кездеседі.

«СБ» ақпарат



аңгіме!

Ақмешіттің аптап ыстығынан тірі жан атаулының қыбырламай қалған, ит екеш иттің өзі жаны қыдырып, көленкелен көленкеге тығылып, бүйірін соғып, тілі салақтай күй кешкен шілденің кезі болса да, соңғы кездері кеш түсе бір-екі көрші тал астында бас қосар еді. Сырдың талы көленке бойғанмен, «бәлем, сені ме, көрермін» деп сес көрсете ығысқан ызақор жандай бірте-бірте бәсеңдей бастаған ыстық желге пана болып жарытар емес.

Көршілердің де шыға қойғысы жоқ-ау, бірақ, күнде осы мезгілде көшеден бір қолайсыз дауыс шығар еді, сосын олар да бір тосын жайт болып қалды ма деп есік алдына шығар еді, шығар еді де итіне ақыра бұйрық беріп жүрген шой кара көршілері Нұртайды көрер еді. Құдай-ау, орысша, немісшесі аралас бірдемелерді барқ еткізеді, ит қасқа қайтсін, бірін түсінсе, бірін түсінбейді, сөйтіп, бұйрықтың бірі орындалса, бірі орындалмайды. Анау онан сайын дауысын күшейте түседі, не иесін аярыңды, не итін аярыңды білмей дал боласын.

Осы кезде ит жетектеген, бәлкім иттің жетегіндегі деген дұрыс болар, себебі ит алдына келеді ғой, Нұрекен де қасымызға таяды. Әлі сол күйі, бірденелерді бұйыра сөйлеп қояды. Шіміздегі үлкеніміз Құдайберген аға аппақ мұртын бір сипап алып: «Нұреке-ау, мына қасқыр иттің бірдеме сезе ме, Орысша ма, көріспе ме, бір нәрсе дейсің, одан да қазақша

«жат», «тұр» деп бұйырмайсың ба», – деді.

– Ту...Өзіңіз де... Күдеке! Неміс овчаркасы қазақшаны қайдан білсін?... Сосын ғой орысша, немісше айтып жүргенім.

– А? Солай ма еді...  
– Оу, енді қайда бет алдың?  
– Ветаптекке. Ылғи халық-

## ҚИЯМШҰРЫС

пен шаруасы жоқ карьеристер отырып алған... Бір көмек жоқ. Түбі мына елді қыратын шығар поистер...

– Оу, жай...жай... Ел аман, жұрт тыныш, не болды соншама...

– Келгесін айтамын...

Ол иті екеуі жана базар маңындағы ветаптекке бет алды. Мына күйді көріп ішім удай ашыды. «Тәңір-ау, әтеңелет, мына иттің бағын қарашы, бұған тек өз тілінде сөйлеу керек екен ғой, сонда сорлаған біз болдық қой, өз тілін білмейтін қанша қазақ ғыып жүр. Бір орыс көрсек шүддірлеп солардың тілінде сөйлеуге тырысамыз жүз қазақ тұрып. Апыр-ау, сонда мына ит құрлы болмағанымыз ба?» деген ойлар санамда атолай бастады.

Әлгінің артынан қарап тұрып Құдайберген сөз бастады: – Баяғыда деймін-ау, осы Нұртайлармен ауылда көрші отырдық, құдайкем басқа салмасын, мұның әкесі нағыз қызылкөз даукестің өзі

еді ғой, жер айтып бармасын. Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ дегендей айтқанынан қайтпай, тістесіп қататын да қалатын. Бірде ауыл болып у-шу болдық. Бұлардың үйі ортада, менікі одан бергі, ал, Жаппардікі бұлардың арғы жағында, тоғай жақ беттегі көршілері, сол екі көрші ара-

сында дау туды да кетті. Оқиға былай болған. Тоғайдан бір қырғауыл ұшып Жаппардың ауласының үстіне келмей ме, өзі де құсқа шығамын деп дайындалып, жиналып жатқан ол бірден көздеп, он алтының шүріппесін тартып жібереді ғой. Қырғауыл жалп ете қалады, бірақ оның емес, көршісінің, мына Нұртайлардың ауласына түседі. Содан Жаппар бармай ма қырғауылын алайын деп, сөйтсе, қызылкөз көкем бермейтін көрінеді. Міне, егес басы – осы.

– Көрші! Атқан мен ғой, қырғауылымды берсеңші.

– Атқан сен бе, басқа ма – шаруам жоқ. Территория менікі. Знашит, қырғауыл да менікі.

Осы дау екі сағаттан арта қызыл кеңірдек айтысқа ұлас- ты, мен ара ағайын ретіндемін. Ойырмай, екеуі де қайтпайды-ау, қайтпайды. Тіпті соңында Жаппардың шешесі – сексеннен асқан кейуана Сарша әжей дауыс салып жылап, қырғауылды қарғай бастады:

«Әй, хайуан қырғауыл, бері қарай ұшып нең бар еді, әрі қарай ұшсаң өлесің бе, нағылт жауғыр. Әй, қанатың сынғыр қақпас, жер жетпегендей бізге қарай ұшқанын көрмейсің бе, қата қалғыр».

Осы дауыс қана Жаппардың есін жиғызды, басы салбырап, үйіне бет алды. Қызылкөз

көкем «Во-от так, әркім өз территориясына ие болуы керек» деп әжептәуір кокиланып қалды.

Иә, ал, енді мына жігіт неге ветаптекке барғыштап жүр, білетіндерің бар ма?

– Өткенде сұрағанмын. Қай кезде де асықпай сөйлейтін Орынбасар осыны айтты да, кідіріп қалды. Мұндайға шыдайтын Күдекен бе:

– Не дейді? Айтсаңшы енді...

– Вакцина салдырайын деп жүр.

– Не қылған вакцина?

– Ау, мына ковидке қарсы вакцина салып жатқан жоқ па елге, бұл соны итіне салдырып алғысы келген ғой, оған ветаптектігердің құзыреті жете ме. Бұл солармен дауласып болып жүр.

– Астапыралла... астапыралла... Естімеген елде көп деген – ау... Ау, ол адамдікі емес пе!?

– Әне, анау қайтып келе жатыр. Сұрап білейік, не болды екен.

Айтып ауыз жиямын дегенше итіне «Апорт», «Фу» деп сөйлей Нұртай да келді бұлардың қасына.

– Ал, Нұреке, қайдан қайттың?

– Күдеке, айтпа, айтпа... Не боп барамыз осы? Итіме вакцина салдырайын десем, «Болмайды, болмайды» деп ветаптектігерлер без-без етеді. Сотқа берем бе, не істесем екен?

– Ау, ондай заң шыққан жоқ қой.

– Кім шығарады ондай заңды. Ана отырғандар ма? Олар бізге қажет заң шығарам дегенше... Мына қараңызшы. Адамдарға вакцина сала ма – салады, тіпті заставит етеді. Ал, неге итке салмаймыз? Иттен жұқса қайтеміз сол аты өшкір эпидемия? А? Тіпті мысыққа да, бәріне салу керек, әйтпесе, толық сақтана алмаймыз... мына ветаптектігеді дорақтар соны түсінбей шаршатты.

– Тауыққа да салу керек пе? – А, как жі? Қанша тауығың бар Орынбасар?

– Отыз тауық, екі қораз.

– Вот, соның барлығына салу керек, эпидемия жұмыртқадан келсе қайтесің?

– Менде тауық та, ит те, мысық та жоқ, бірақ кептер...

– Ә, кептершік бала, неше кептер бар?

– Елу... Әне көкте ойнап жүрген солар.

Бәріміз көкке қарадық, кептерлер неше түрлі қимылдарға салуда. Керемет. Тағы да тыныштықты Нұртайдың дауысы бұзды.

– Эпидемия кептерден келсе қайтесің? Құс тұмауы дегенді есітің ғой.

– Ойбай-ау, оны салдырыңдар деген бұйрық шықса – орындаймыз ғой. Бірақ, кептерлерді ұстау да оңай шаруа емес-ау.

– Вот, Тілек бала! Ұстау керек, сирақтарынан ұстап, басып отырып вакцина салу керек. Вот, солай...

– Ау, Нұреке, мына әңгіменді басқа адам естімесін. Үлкендердің құлағына тиіп, әлі ит, мысық қуып, кептер аулап кетерміз...

– Ну, што жі? Істеу керек солай, қыбырлағанын, адаммен контактіге түсетінін бірін қалдырмай егу керек... Вот солай...

Ол итіне ерте, бәлкім итіне ере, себебі, иті алдыда барады ғой, үйіне беттеді. Күдекен аппақ мұртын тағы бір сипады.

– Тым жақсы жұмыс жасап тұрған ветаптек еді, мына қиямшұрыс жауып тынбаса болар еді.

– Бұл қалай жабады, ондай билікті бұған кім берсін.

– Солай-ау. Бірақ мынау да әкесі сияқты қисайған жағынан тұрмайды, енді күнде барып миларын ашыта берсе, олардың өздері жауып кетпесе дегенім ғой.

Біздер ойаланып қалдық. Осы кезде тағы да үйлерден аса «Апорт», «Фу» деген дауыс естілді. Біз бір-бірімізге қарадық. Апыр-ай, итті аяу керек пе, иесін аяу керек пе?

Алдажар ӘБІЛОВ

www.facebook.com/syrboyi\_kz/

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 26160 Тапсырыс №1310

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ